

● ПРЕЗИДЕНТ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС БӘСЕҢСІМЕЙДІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Бас прокурор Асхат Дауылбаев пен Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Қайрат Қожамжаровты қабылдады.

Мемлекет басшысы «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында қабылданған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған партиялық бағдарламасы аясындағы жұмысты күшейтудің маңыздылығына тоқталды.

— Өткен жылдар ішінде елімізде парақорлықтың тамырын жою тұрғысынан алғанда біраз жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, заңға өзгерістер енгізу, шенеуніктер мен кәсіпкерлер арасындағы байланысты азайту арқылы сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмыстары қатайды. Лауазымы мен еңбегіне қарамастан барлығын да жауапқа тартатын заң қолданысқа енді. Жалпы, бұл бағытта белсенді жұмыс жүргізілуде, оның нәтижесі көрініп тұрғандықтан, қоғам тарапынан оң баға беріліп отыр, — деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік қызметшілер жұмысын мінсіз әрі адал атқаруы үшін мемлекет тарапынан қажетті жағдайлар жасалып жатқанын атап өтті.

— Бүгінде олар материалдық және әлеуметтік кепілдіктермен қамтылған, сондықтан біз олардан адал қызметтің үлгісін көрсетіп, заңнаманы сақтауды талап етуге құқылымыз. Бұл, әсіресе, елімізде мемлекеттен орасан қаражат бөлініп, «Нұрлы жол» Жаңа экономикалық саясатын жүзеге асыру жөнінде ауқымды жұмыс жүріп жатқан қазіргідей кезеңде айрықша өзекті. Сондықтан Бас прокуратура мен Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне «Нұр Отан» партиясымен бірлесіп жұмыс істеген жөн, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті біздің республика ТМД-да бірінші болып «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңды қабылдағанын атап өтті. Мемлекет басшысы кездесу қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

● КӘСІБИ КҮН

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Егін-терім аяқталып, шаруаның қолы босаған шақта яғни, қараша айының үшінші жексенбінде ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесін атап өту үрдіске айналып келеді.



Атаулы күнге орай облыс әкімі Қырымбек Көшербаев ауылшаруашылық саласы еңбеккерлерін қабылдап, оларды мерекемен құттықтады. Бірқатар азаматтарды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі», «Еңбек ардагері» төсбелгілерімен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапаттады.

Ерте көктемнен бері бел жазбай еңбек еткен диқандар биыл күріштен мол өнім алды. Әр гектарынан 50,1 центнерден айналған бұл жылғы өнім тәуелсіздік жылдарындағы рекордтық көрсеткіш болып есептеледі. Қамбаға құйылған 400 мың тоннаға жуық Сыр салысы маңдай тердің өтеуіндей.



Статистикалық мәліметтерге қарағанда облыс халқының жартысынан астамы ауылда тұрады. Сондықтан ауыл шаруашылығы саласындағы әрбір жетістік ауыл тұрғындарының тұрмысын түзеуге септігін тигізеді анық.

● ҚАБЫЛДАУ

ӨЗАРА ӘРІПТЕСТІК ЖҮЗДЕСУ

Кеше аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев ОБСЕ-нің Астанадағы орталығының басшысы Наталья Заруднаяны қабылдады. Түрлі ауқымды мәселелерді талқылаған қабылдауда өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы қозғалды. Өсіресе, күріш кластері мен балық шаруашылығын дамыту, су ресурстарын үнемдеу мәселесі сөз болды.

«Облыста бірнеше рет болдым. Әр келген сайын даму қарқынын байқаймын. Аймақта жұмыс жасалғандығы көрінеді. Өңір басшысымен болған қабылдауда жергілікті өзін-өзі басқару, мигранттардың құқығын қамтамасыз ету, экстремизммен күрес және экологиялық таза технологияларға өту секілді басқа да келелі мәселелерді әңгімелестік», — деген орталық басшысы журналистерге берген сұхбатында аталған мәселелерді жүзеге асыруда өңір мүмкіндігінің зор екендігін де тілге тиек етті.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

18 ҚАРАША СЕЙСЕНБІ

2014 ЖЫЛ №171 (18865)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

● МЕРЕЙ

СЫРДА ТУҒАН ТОЛАҒАЙ ТАЛАЙДЫ ТАҢҒАЛДЫРДЫ



Алматыда ауыр атлетикадан өткен әлем чемпионаты спорт тарихында алтын әріппен жазылып қалары сөзсіз. Себебі, дүбірлі дода өз елімізде биік деңгейде өткенімен қоса, көк туымызды көкке ілген тарландарымыздың ерліктерімен мәңгі есте қалады. Зілтемірді шырқ үйірген Сыр Толағайы Илья Ильин де алтынды қанжығасына бөктеріп, төрт дүркін Әлем чемпионы атанды. Бұған дейінгі жарыстарда 94 келіде өнер көрсетіп жүрген ол салмақ ауыстырып, бірінші рет 105 келіде сынға түссе де жаһан жұртын тағы да жасындай жалт қаратты. Қоссайыста қазақстандық атлет 432 ұпай жинап (190+142) алтын медальді былтырғы әлем чемпионы — өзбекстандық фаворит Руслан Нуриддиновтан (193+139) жулып алып кетті. Ильиннің салмағы Нуриддиновтан аз болып шықты. Үшінші орынды ресейлік спортшы Давид Бенджаниян 427 ұпаймен (187+240) иеленді. Сонымен қатар, Илья Ильин әлем чемпиондарының қойған рекорд-ын тас-талқан етіп, серпе көтеруде 242 келіні аспанға атты.

Илья Ильинді жеңісінен кейін бірден телефонмен президент Нұрсұлтан Назарбаев құттықтады.

“Президент мырза, Сіздің тапсырмаңызды орындадым! — деп бастады И.Ильин Қазақстан Президенті Н.Назарбаевпен телефон арқылы әңгімесін тікелей эфирде.

«Бұрын мен 239 келіні серпе көтеріп жүретінмін. Одан жоғары салмақты Риода өтетін Олимпиадада қалдырдым. Бүгін 242 келіні көтеруге тура келді. Өйткені, шешуші сөз менде болды. Давид Бенджаниян үшінші орынды иеленді. Ол 240 келіні көтерген соң маған одан озу керек болды. Мен 242 келіге бардым. Өйткені, өзбекстандық Русланды артта қалдыру керек болды. Мен одан жүлқа көтеруде 3 келі артта едім (190+242) осындай қадамға бару керек болды. Қысқасы, осылай болды... Сізге көп рахмет. Мен енді дайындалатын боламын. Көп рахмет, Сізге!» — деді чемпион Елбасыға.

Илья өз жеңісін алдымен Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа және Қазақстан халқына арнайтынын мәлімдеді.

«Мен ең алдымен, әрине, біздің Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлына алғыс айтамын, өйткені оның маған көрсеткен қолдауын, маған деген сенімін ешуақытта ұмытпаймын. Ол: «Бұл жігіт

жеңіп шығады!» деді. Сондықтан да мен өз жеңісімді Қазақстан Президентіне және халқыма арнаймын. Президенттің «Нұрлы жол» бағдарламасы — жеңістер бағдарламасы!». Мен 242 келілік штангаға келіп, залдағы алаңдарға қарадым және солар үшін, Қазақстан үшін жеңіске жетуім керек деп ойладым. Сөйтіп, жеңіске жеттім!», — деді Илья Ильин «KAZsport» телеарнасына берген алғашқы сұхбатында.

Сыр толағайының ерлігін теледидардан тамашалаған Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев ата-анасының үйіне барып, құттықтап, қуанышымен бөлісті.

Сонымен қатар, Илья осы жеңісімен 2016 жылы Рио де Жанейро Олимпиадасының жолдамасын да алып отыр. Бұған қоса, әлем біріншілігінің қорытындысымен үздік атлет болып танылды. Өзінің Instagram-дағы парақшасына үздік атлет кубогын қолына ұстап тұрған суретін жариялап: «Мен ең үздікпін! Маған жанкүйер болғандардың бәріне рахмет! Бұл — біздің жеңісіміз!» — деп жазды.

Иә, бәрін айт та, бірін айт, Ильиннің ер ісі ертегіден кем болмады. Алаштың Әнұранын әуелетіп, төрткіл дүниені

бас игізді. Күміс жүлдегер өзбек атлеті Р.Нуриддинов танданысын жасыра алмай, И.Ильинді «нағыз машина» деп атаса, әйгілі Eurosport.ru сайты Ильинді өмірі жеңілуді білмейтін атақты жеті спортшының қатарына қосты.

Иілмейтін Ильиннің кезекті тарихи жеңісіне елімізде қуанбаған адам кемде-кем шығар. Жерлестері де төрт көзі түгел отырып, Орталық алаңдағы және «Мұз айдыны» спорт кешеніндегі лэд экран арқылы өнерін қадағалады. Ол «тағы да алтын аламын» деген уәдесін орындады. Жеңіс тұғырына көтерілгенде үлкені де, кішісі де тұрып қол соғып, абыройы ақша бұлттан асқандай тебіренді. Ильиннің құрметіне жастар ән айтып, би де биледі. Олар ыстық ықыласын «Илья — чемпион», «Илья — біздің мақтанышымыз», «Біз саған сенеміз!» деген түрлі жазулармен білдіріп жатты. Бір сөзбен айтқанда, Сыр елі үшін бұл күн үлкен мерекеге айналды.

Сыр Толағайының жеңісі Қазақстан жұртына ортақ. Ал қызылордалықтар жерлесінің туған топырағына оралуын асыға күтеді.

Дәурен ОМАРОВ.

● ЖАҢА НЫСАН

ҚҰРАМА ЖЕМ ЗАУЫТЫ ЖЕЛТОҚСАНДА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қызылорда облысында тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіретін зауыт желтоқсан айында іске қосылмақ. Сенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Жан Арай Жем» серіктестігі құрама жем өндіру зауытының құрылыс жұмысымен танысты.



ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 32 сессиясы 2014 жылғы 21 қарашада сағат 15.00-де облыстық мәслихаттың мәжіліс залында (облыстық мекемелер үйі) ашылады және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. “2014-2016 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы” Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 18 желтоқсандағы №164 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
2. Қосымша мәселелер.
Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2014 жылғы 21 қарашада сағат 12.00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.



сағатына 5 тонна, жылына 30 мың тонна жем шығарады. Біз мал шаруашылығымен айналысатын аймақ кәсіпкерлері мен тұрғындарын жеммен қамтамасыз етпекпіз, — деді Бақдәулет Махашев.

Қазіргі таңда облыстың ауыл шаруашылығы саласында құрама жем өндіретін бірде-бір кәсіпорын жоқ. Осыдан-ақ мұндай кәсіпорынның облысқа қажеттілігін байқауға болады. Оның үстіне жыл сайын аймақта мал басы артып келеді.


Аймақ басшысы өңірде мал шаруашылығын дамытуда жемшөппен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу қажеттілігін айтып, іргелі кәсіпорын жұмысшыларына сәттілік тіледі.

Д.СЕЙТЖАНУЛЫ.



Сыр бойы

газетіне 2015 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр
Басылымның алты айға жазылу бағасы: жекелер үшін — 2750, мекемелер үшін — 3750, редакциядан тікелей жаздырып алатындар үшін — 2500 теңге.
Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ филиалында жүргізіледі.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ТИІМДІЛІГІ

Облыстық және аудандық әкімдіктері және облыстық басқармаларының қатысуымен Қызылорда қаласында «Стратегиялық жоспарлау мен бағалау тиімділігі жүйесі арқылы мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру» тақырыбында семинар өткізілді. Семинар Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы бойынша облыс әкімдігі төрағалығымен өткізілді.

Өз жұмысының сапасын және тиімділігін жоғарылату үшін мемлекеттік органдар қызметінің бағалауын қолдану мақсатында барлық деңгейдегі әкімдіктердің әлеуетін ұлғайту семинардың мақсаты болып табылады. Қазіргі таңда бағалаудың барлық бағыттары бойынша біркатар өзгерістер енгізілген болатын. Семинарда осы өзгерістер бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Екі күндік семинарда бағалаудың 6 бағыт бойынша әдістемелері және олардың бағалау жүйесіне кіргізілген мақсаты талқыланды. Сондай-ақ, стратегиялық және бюджеттік бағыттардың өзгерістері, мемлекеттік қызмет көрсету, ақпараттық технологияларды қолдану, есептік мәліметтерді дайындаудың маңызды мәселелері қаралды. Өткізілген семинар алдағы уақытта мемлекеттік органдардың қызмет тиімділігінің қорытынды бағалауына оң әсер тигізіп, біздің облыс имиджін жоғарылатады.

Ә.ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ.

“ХАЛЫҚТЫҚ ІРО”

“КЕГОК” АКЦИЯСЫН САУДАҒА ШЫҒАРДЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында “Кегок” акционерлік қоғамы өкілдері “Халықтық ІРО”-ға қатысушы инвесторлармен кездесті. Роуд-шоу немесе өңірлерді аралау барысындағы кездесуде компания қызметінің тұсаукесері өткізіліп, компанияның акциясын қайдан және қалай алуға болатыны да айтылды. Компанияның бұл тұсаукесер шарасына облыс әкімінің орынбасары Наталья Годунова қатысты.

Осыдан бір апта бұрын Қазақстанда экономикадағы бірекерікше жаңалық “Халықтық ІРО” мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңі басталды. Осыдан екі жыл бұрын нарық қорына “КазТрансОйл” АҚ-ның акциялары шығарылғаны белгілі. Енді “Кегок” АҚ электр жүйелерін басқару жөніндегі Ұлттық компаниясы бағдарламаға қатысушы болып отыр. Сондықтан ел азаматтары өздерінің жинақтаған қаржысын көбейтуге, Қазақстанның экономикалық өсуіне белсенді түрде қатысуға мүмкіндік алады. Өңірлерді аралау барысындағы мұндай кездесулер үстіміздегі айдың соңына дейін еліміздің барлық қаласында өткізіледі.

Кездесуді облыс әкімінің орынбасары Наталья Годунова ашты. Ол “Халықтық ІРО” бағдарламасына қатысуға төрт жүзден астам компанияның мүмкіндігі сарапқа салынғанын, соның ішінде әлемдік шикізат бағасына тәуелді еместері, яғни сенімді әрі тұрақты жұмыс істейтіндері тандап алынғанын айтты.

Мұнан кейін “Кегок” АҚ басқармасы төрағасының орынбасары жекелеген тұрақты инвесторларға компанияның қызметі туралы айтып берді. Атап айтқанда, компания электр энергиясын беруде көтерме нарықтың қатысушысы, техникалық реттеуші және тұтынатын электр энергияны өндірудің тепе-теңдігін ұйымдастырады. Компания 1997 жылы құрылған. Қазіргі уақытта онда 4700 адам жұмыс істейді. Компанияның жүз пайыз акциясы “Самұрық-Қазына” Ұлттық әл-ауқат қоры акционерлік қоғамының қолында. Компания «Қазатомның» ұлттық электр жүйесіне иелік жасайды және 2004 жылдан бастап республиканың электр энергетикасы жүйесінің біртұтас оператор жүйесі қызметін атқарады. Акционерлік қоғам құрылымында “Электр желісі аралық жүйесінің” 9 филиалы, сондай-ақ, ұлттық жүйелік оператордың диспетчерлік



Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

орталығы бар. “Кегок” компаниясының құрамында 77 электрлі қосалқы станса, ұлттық электр жүйесіне қарайтын, жалпы ұзындығы 24,5 шақырымдық қуаттылығы 220-1150 кв 264 электр жіберетін желісі, сондай-ақ, жалпы ұзындығы 481,467 шақырымдық қуаттылығы 0,4-110 кв болатын 83 электр жіберу желісі бар.

Тұсаукесерде сондай-ақ, “Халық қаржы” акционерлік қоғамының өкілі Ержан Сейітбек қатысушыларға акцияны қалай алуға болатыны жөнінде айтып береді. Оның айтуынша, “Кегок” АҚ акциясын алу үшін небәрі бес-ақ адым аттау керек. Нақтырақ айтқанда, брокерлік компанияға барып, келісім-шарт жасап, есеп-шот ашу керек. Сөйтіп, инвестиция салымын анықтап алып, қаржыны аударып, арыз беру қажет. Арыздар үстіміздегі жылғы 3 желтоқсанға дейін қабылданады. Ал, 19 желтоқсанныан бастап “Халықтық ІРО” бағдарламасының екінші эмитент акциясы Қазақстанның биржалық қорынның нарығында сатыла бастайды.

Сонымен қатар, тұсаукесерде “Қазпошта” АҚ Қызылорда филиалы директорының орынбасары Пахуадин Ерейсөтов брокерлік есеп-шотты ашу мен акцияны сатып алу үшін арызды беруге Қазақстан азаматтарына бар болғаны жеке бас куәлігі немесе төлқұжаты ғана керек екенін айтты. Бүгінгі күнге “Қазпошта” АҚ елдегі бағдарламаға қатысушы брокерлер арасында екінші, ал инвесторларды тарту жөнінен бірінші орында келеді.

Кездесуде инвесторларға төленетін компанияның дивиденд саясаты жөнінде де айтылып, ол тиісті қаржылық кезеңде жыл қорытындысы немесе жартыжылдық қорытындысы бойынша таза табыстың кем дегенде 40 пайызы төленетіні де жеткізілді. “Кегок” компаниясы “Халықтық ІРО” бағдарламасына қатысушы екінші компания. Ал бірінші компания “КазТрансОйл”-дың 34 мың казакстандық акционері болды. Жалпы “Кегок” АҚ-ның болашақ жоспары айқын. Соның ішінде компания 2025 жылға дейін стратегиялық сәйкес компания Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мен оған деген сенімділігін арттыру үшін 15 басым бағыттағы жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

“Кегок” АҚ электр жүйесін басқару бойынша компанияның шығарған акциясына байланысты “Самұрық-Қазына” АҚ “Халықтық ІРО” бағдарламасының аралық қорытындысын шығарды. 5-і-мен 12 қараша аралығындағы алты күннің қорытындысы бойынша 1156 арыз түскен. Бұл жалпы сомасы 581 млн. 424 мың 175 теңгенің 1 млн. 151 мың 335 дана акциясын құрайды. Бір акцияның құны 505 теңге болды.

“АЛТЫН ДӘН – 2014”

КӘСІПКЕРІ КӨП АУДАН

Елбасымыздың Жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму тұрақтылығын одан әрі арттыру, халықтың әл-ауқатын көтеру, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашуға басымдық берілген. Соған орай Қазалыдағы атқарушы билік пен бизнес өкілдері арасында тиісті шаралар атқарылуда. Тек жыл көлемінде мемлекет қаржысымен ауданда бірнеше білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет саласында біркатар нысандар құрылысы жаңадан пайдалануға берілді. Кәсіпкерлер тарапынан да халыққа сапалы қызмет көрсету аясында түрлі нысандар іске қосылды. Сондай сән-салтанаты келіскен нысанның бірі «Алтын орда» қонақүй кешені мен спорттық сауықтыру орталығы болатын. Нысанды танымал кәсіпкер Күлжәмила Құрақбаева жеке қаражатына салдырды. Бұл жерде он адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Нысанда 25 орынға арналған қонақүй, түрлі спорттық жаттығу құралдарымен жабдықталған орталық бар. Заманауи үлгідегі бәсекесі сай келетін кешен мәдениеттің жоғары деңгейін көрсететіні анық.

Нысанның ашылу рәсімінде сөз алған аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Жарылқап ел ішінде Қазалыны «кіші Түркістан» деп атайтынын, мұның өзі кәсіпкерлік саласының, сауда-саттықтың жолға қойылғанын аңғартатынын жеткізді. Жаңадан іске қосылған аталмыш ғимарат кенттің сәніне ажар қосады. Келесі кезекте «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қасқырбек Мәмбетжан бүгінгі шараның Елбасы Жолдауына нақты іспен жауап екендігіне тоқталды.

Қазалылықтар қуанышы мұнымен шектелген жоқ. Оқушылар үйінде күзгі егін орағының аяқталуына арналған салтанатты жиын өткізілді. Вокзал аумағында ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі жиналғандардың қарасы мол болды. Мұнда түрлі өнімдер қойылған. Жұртшылық тарапынан ет, балық өнімдері, жем-шөпке, уақ малға сұраныс көп болды. Жәрмеңкеге қатысушылармен тілдесті. Арықбалық ауылдық округінен келген бауланған шөп қас-қағымда өтіп кетті. Бауы

140 теңгеден айналған пішен жоғары сұранысқа ие болды. Сондай-ақ, Мұратбаев елді мекенінен жеткізілген дүзгін отыны да тез арада іздеушісін тапты. Түктібаевтағы «Ақмаржан» ЖШС-ның күрші де жамағат көңілінен табылды.

Салтанатты шара оқушылар үйіндегі «Қазалы өнімдері» атты жергілікті тауар өндірушілерінің көрмесіне ұласты. Бұл маннан білім бөлімі, кәсіпкерлік бөлімі, кент, қала, ауылдық округтер дайындаған түрлі бұйымдарды кездестірдік. Әдемілігі көздің жауын алады. Жеке кәсіпкер Күнсұлу Бисенәлиеваның нан өнімдеріне көз салдық. Естүімізше, қарындасымыз кәсіпкерлікті сонау 2007 жылы бастапты. Алғашқыда ұсақ-түйектен бастаған ұжымның қадамы уақыт өте құлашын кеңге жайыпты. Қазіргі таңда цехта тандыр, көмеш, асқабақ қосылған нан, баска да нан өнімдерінің түр-түрі дайындалады. Сапасы бөтен емес. Тұтынушылар қашанда дән риза.

«Батыр бабаға бас иеміз» деген көрнекі жазу көңілімізді селт еткізді. Сөре үстінде бақша өнімдері, күрт-ірімшік, қауынқұрт, қауынқак, өзге де өнімдер самсап тұр. Бір бұрышқа шебер тоқылған көлөнер бұйымдары қойылыпты. Нақ ортадағы әулие әрі батыр Жанқожа Нұрмұхаммедұлының өр бейнесі төңірекке нұрын шапшып қарайтындай. Бұл Жанқожа батыр ауылының тұрғындары әзірлеген көрме екен. Осындағы №24 «Жауқазын» балабақшасының тәрбиешісі Ләйлі Жұмағалидың айтуынша, ұжымның бағындырған белестері биік. Жұырда батыр бабамыздың мерейтойында ұйымдастырылған аудандық «І үлдер жәрмеңкесі» байқауында жауқазындықтар бас жүлден иеленіпті. Бәрекелді дестік. Округ әкімі Қайрақбай Орынбасаровтан бүгінгі жәрмеңкеге ауыл тұрғындары жақсы дайындалғанын естідік.

Ағымдағы жылы ауданда күріш көлемі 7435 гектарға жетті. Ауа райының дақылдың пісіп-жетілуіне, егін жинауға қолайсыз болғанына қарамастан, егін жинау өз дәрежесінде жүргізілді. Елбасымыздың ауыл шаруашылығын әртараптандыру ту-



ралы тапсырмасына сәйкес ауқымды жұмыстар басталды. Өткен жылы облыс әкімінің қолдауымен күріштің әр гектарына төленген субсидия көлемі артты. Осылайша өңірде күріш өндірісін экономикалық тұрғыда ынталандыруға жағдай жасалды. Билдан бастап күріштен басқа дақылдарды субсидиялау нормасы ұлғайтылды. Көпжылдық мал азығындай дақылдардың егіс көлеміне субсидия төлеу нормасы өсті. «Сыбаға» бағдарламасының шапағатын көрген шаруалар аз емес. Үкімет тарапы-

нан ауылшаруашылық құрылымдарын қолдауға 522,2 млн. теңге бөлінді.

Салтанатты жиналыста аудан әкімінің орынбасары Сұлтан Мақашов құттықтау сөз сөйледі. Бір топ еңбек озаттарына Алғыс хаттар, бағалы сыйлықтар тапсырылды. Мерекелік шара аудандық мәдениет үйі ұйымдастырған концертті бағдарламаға ұласты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ҚОЛДАУ

АЛҒЫСЫМЫЗДЫ БІЛДІРЕМІЗ

Елбасының ауыл шаруашылығы секторын қолдау бастамасымен мал шаруашылығын дамыту мақсатында қабылдаған “Сыбаға”, “Құлан”, “Алтын асық” және “Ырыс” мемлекеттік бағдарламалары бүгінгі таңда Жаңақорған ауданында қарқынды жүргізіліп жатыр.

Бұл бағдарламаның тиімділігін біздің ауданымыздағы қой шаруашылығын өркендетуге серпін беріп отыр. Бүгінгі таңда жайылымдарды кеңейту, Сыр бойындағы және Қызылқұм өңіріндегі жайылымдарды суландыру мақсатында құдықтар мен скважиналар қазу, малды бордақылау мен мал сою алаңдарының типтік жобалары, ет және сүт бағытындағы фермерлік шаруашылықтарды құру, мал азығын дайындау фермерлік шаруашылықтарды ұйымдастыруда мүмкіндік жасалуда.

Биылғы жылдың 30-мамыр күні ауа райының қолайсыздығынан 3802 бас шығын болған уақ малдардың орнын толтыру мақсатында облыс әкімдігінің қолдауымен зардап шеккен шаруашылықтар мен фермерлерге қолдау көмек жасалды. “Байқоңыр” ӨКК” АҚ-нан жеңілдетілген несиеден ауданымыздағы уақ мал сатып алушыларға 29,3 миллион теңге бөлінді. Сонымен қатар, мал тасымалдау шығындарына кеткен 4,6 миллион теңгені де шешу жолдары қарастырылды. Облыс әкімдігінің осы қолдауының арқасында ауданымызға республикамыздың батыс өңірінен 1240 бас асыл тұқымды еттірілмейлі қарақол қойы сатып алынды. “Алтын асық” бағдарламасымен бүгінге дейін 4450 бас қой сатып алынды. Жыл аяғына дейін барлығы 6250 бас қой сатып алынады деп жоспарлануда.

Ауданымыздың мал шаруашылығы тауар өндірушілеріне жоғарыдағыдай көмек көрсетіп, мүмкіндік жасағаны үшін облыс басқармасына ризашылығымызды білдіреміз.

Ғалым ҚҰРЫҚБАЕВ,
“Ақсенгір” шаруа қожалығының төрағасы.



сына берері мол, үйретері көп. Ұлағатты ұстаздан тәрбие алған шәкірт жақсы азамат, тіпті кейбір қоғамдық қайраткер, үлкен тұлға болып өседі, өмірін дұрыс бағытта бейімдеп, көркейтеді. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген сөз де орындай айтылған. Балаңыз бойындағы шынайы білім, біліктілік дағдылары, мінез-қалпы, шарапаттылығы, жақсы ұстаздан қалған әдет болса керек. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген данышпан атамыз Абай созын өзінің өмір қағидасы еткен ұстаздар қауымы әрдайым құрметті. Ол өзінің бойындағы бар аялық мейірімін, білімін, тәжірибесін алдындағы шәкірттеріне беріп, олардың рухани дүниесін байытады, өмірде неғұрлым адалсып, дұрыс жолмен жүруге дайындайды. Дана халқымыздың «Ұстазыңды атаннан да әзіз тұт» дейтіні сондықтан.

Ұстаз – тәуелсіз еліміздің бүгінгі бақытты жастарын болашаққа апаратын көпір десек, шәкірт – ұстаздан дәрiс қана емес, өмірлік ұлағат, тәрбие алады. Байып-

БЕЛГІЛІ ДӘРІГЕРГЕ КӨШЕ БЕРІЛДІ

Өткен сенбіде Қызылорда қаласындағы орталық көшенің бірінше Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер, медицина ғылымының докторы, профессор Шәдібай Нұрғазыұлы Абдоллаевтың есімін беруге арналған салтанатты жиын өтті.

Көшеге есімін беру және ескерткіш тақтаның ашылуына арналған салтанатты жинаға облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Өлнәзарова, Қызылорда қаласы әкімінің басшылығы, зиялы қауым өкілдері мен денсаулық сақтау саласының қызметкерлері және туған-туыстары қатысты.

Шараны ашқан облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Өлнәзарова Шәдібай Абдоллаевтың қайраткерлік тұлғасына тоқталып, игі іске құтты болсын айтты.

– Күрметті зиялы қауым. Бүгін Қызылорда облысы үшін айтулы күндердің бірін деп айтуға болады. Осы орталық көшенің дәрігердің атымен алуының өзі медицина саласында атқарылып жатқан

жұмыстарға беріліп отырған баға деп айта аламыз. Ардагерлер кенесінің атынан, зиялы қауымын атынан быттыр ономастикалық комиссияға ұсыныс түскен болатын, ол бірауыздан қолдау тауып, республикалық ономастикалық комиссияға жіберілген болатын. Ол жақтан да қолдау тауып, бүгін міне, осындай игі іске күз болып отырмыз. Шәдібай Нұрғазыұлы – бүкіл өмірін медицина саласының өркен жаюына, облыс халқының денсаулығын қорғауға арнаған тұлға. Ол кісінің артынан өрген балалары да денсаулық сақтау саласының майталмандары. Асыл ағамыздың рухы риза болсын! Ағамыздың бет-бейнесі, ол кісінің есімі біздің әркез жүрегімізде, – деп Ақмарал Өлнәзарова жылы ләзбін арнады.

Сондай-ақ, шарала соғыс ардагері Ыдырыс Қалиев, денсаулық сақтау саласының ардагері Тұрғанбай Маханов және Сақтаған Жұбатқанұлы Шәдібай Нұрғазыұлы туралы естеліктер айтып, ыстық жылысын жеткізсе, ағайындарының атынан сөз алған Сәмит Далдабаев пен Шәдібай

Нұрғазыұлының ұлы Марат Абдоллаев көшеге есімін беру туралы ұсынысты қолдаған жергілікті әкімдікке, барша ағайын-туыс, зиялы қауымға алғысын айтты. Шәдібай Абдоллаев еңбек жолын 1956 жылы облыстық ауруханада дәрігер-хирург болып бастайды. 1957 жылы бас дәрігердің уақытша міндетін атқарып, 1958 жылдан 1976 жыл аралығында сол аурухананың бас дәрігері қызметін атқарған. Сол жылдары оның табандылығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жаңа типтегі облыстық аурухана ғимараты бой көтерілді. Ізденімпаздығынан, икемсіздігінен нәтижесінде ғылыми атақтарға ие болды. Шәдібай Нұрғазыұлы Абдоллаев Қазақстан денсаулық сақтау саласының майталманы, аса білікті маман, іскер басып, қабілетті ұйымдастырушы, білімді ұстаз ретінде танылып, есте қалды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ЗАҢ БІЛУ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қызылорда қаласындағы «Ақмешіт» гуманитарлық техникалық колледжінде өткен оқыту семинарында студенттермен және ұстаздармен қоғамда өріс алған құқық бұзушылықтармен, заңды білу жайы кеңінен талқыланды.

Студенттерге мол мағлұматтар берілген бұл шараны облыстық ішкі саясат басқармасы және «Туған жер» қоғамдық қозғалысы» қауымдастығы ұйымдастырды. Семинарда Қызылорда қалалық ішкі істер

басқармасының қызметкері, полиция лейтенанты Байыржан Тобағабайлов, «Ақмешіт» гуманитарлық техникалық колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айжан Адамбаева, «Туған жер» қоғамдық қозғалысы» қауымдастығының үйлестірушісі Баян Сақташова ойларын жеткізіп, жастарға тын ақпараттармен бөлісті.

Жаңа ҮМБЕТОВА,
«Туған жер» қоғамдық қозғалысы» қауымдастығының заңгері.

ҰСТАЗ ҰСТАНЫМЫ

тап қарасақ, азат еліміздің болашағы білімді ұрпақтың қолында. Сондықтан да Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Келешекке – кемел біліммен» делі. Мәселен, Аблай хан өзін Төле бидің, Шәкәрім, Көкбай сынды ақындар және осы замандағы қолына қалам ұстаған көптеген шығармашылық иелері өздерін Абайдың шәкірттеріміз деп есептеген.

Шәкіртке өмір сүрудің мәнін ұғындырып, оның түр-сырын ашқан, адамдардың дүниелік түсінігін тереңдеткен ұстаза деген сый-құрметі де айрықша болса керек. Ұстаз бен шәкірт арасындағы осындай өзара қамқорлық, сыйластық сезімі олардың бірлесіп атқаратын білім мен біліктілікті шыңдау әрекетіне жағымды ықпал етері анық.

Мен осы ұстаз болуды оқушы күнімен арман еттім. Шіркін, сағымның толы балалық шақ-ай! Бастауыш сыныпта оқып жүрген кезім. Шапырақтың төріндегі дастарқан басында әкем мені өскенде кім болатынмызды сұрады. Сәби көңілім еңкелі емес пе, дереу «Өскенде автобус жүргізушісі боламын» деп жауап бергенім есімде. Менің келешегімді ойлаған болуы керек. «Балам, автобустың жолаушылар шұңақ, басынды ауырдағы ғой, сабағыңды жақсы оқысаң, өсе келе елге қажетті бір мамандықты тандарсың» – деп жымиды анам.

Сол өсе келе жолсерік болғым келді. Ал, 7-сыныпта оқып жүрген кезімде дәрігер-хирург болуды армандадым. Сол армандарым күн санап өзгере берді. Адам баласы есейген сайын талғамшыл болады екен.

Ер жетіп, ой тоқтаған кезім. Менің мұғалімдік мамандықты тандап, ұстаз болуыма белгісіз бір тылсым күш әсер етті. Неге екенін қайдам, «орыс тілі пәнінің мұғалімі болсам» деген арман көкейімнен шықпай

қойды. Осы тәтті қиялдың жетегінде жүргенімде ауылдағы алтын ұя – мектебімді бітіретін шақ та таияп қалған-ды. Орта мектепті бітірген жылы арманың ақ желкенін ту етіп, облыс орталығындағы қасиетті қара шаңырақ Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының «Бастауыш сынып педагогикасы, әдістемесі және қазақ мектебіндегі орыс тілі мен орыс әдебиеті» факультетіне құжаттарымды тапсырып, оқуға қабылдандым. Қуанышымда шек жоқ.

Отан алдындағы борышымы өтеп келіп, оқуымды жалғастырдым. Аталған оқу орнын 1992 жылы үздік дипломмен тәмамдап, өзімнің алтын ұя мектебіме, сүйікті ұстаздарымның ортасына оралдым. Осылайша мен алғашқы еңбек жолымды өз білім нәрімен сусындаған мектепте оқытушы болып бастадым. Өзіне білім берген ұстаздармен ышк тірестіре жүріп шәкірттерге қиын да қиыншы пәнін оқып жүрген кезім. Шапырақтың төріндегі ұстаздармен басымда әкем мені өскенде кім болатынмызды сұрады. Сәби көңілім еңкелі емес пе, дереу «Күнге ұымспаймын. Әсіресе, мені дүние диқандарына әкеп, бағып-қағып өсірген, үлкен өмірге қанаттандырған анам мен әкемнің ұстаздық ерекше қасиеттері менің жүрегімде ұзақ сақталады.

«Мүғалім – зор тұлға, ол күннің құдіретті әуелсіз сияқты» деп орыс халқының ұлы педагогы К.Ушинский айтқандай, мен өз бойымдағы білімді шәкірттеріме беріп, білім нәрімен сусындатқанды болашақ алдындағы парызым деп есептеймін.

Қайрат АЛНИЯЗОВ,
№57 Е.Көшербаев атындағы орта мектеп директоры.
Арал ауданы.

Жолдар – Қазақстан үшін өмір желісі. Біздің кең-байтақ жерімізде жолдар бойында әркезде де өмір пайда болған және дамып отырған. Біз Астанадан барлық жақтарға автомобиль, теміржол және авиациялық магистральдар тарайтындай көлік желісін құруға тиіспіз. Жүректен тарайтын артериялар сияқты. Күннен тарайтын шұғыла сияқты.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.
(Қазақстан халқына Жолдауынан).

БАҚЫТ БАҒДАРЫ

Елбасының қазақстандықтарға жолдаған жаңа Жолдауында түрлі маңызды мәселелер жан-жақты көрініс тапқан. Жұмыссыздықты болдырмау, жол, баспана мәселесіне баса мән берілген. Сонымен бірге Елбасы Жолдауда денсаулық, білім мәселесінің де күн тәртібінен түспейтінін айтты. «Қазақстандықтар салатын жаңа магистральдар біздің экономикамыз бен қоғамымызды жаңартады. Олар біздің еліміздің барлық түкпірлерін орталықпен берік байланыстырады. Жүк тасымалы жеделдейді және ұлғаяды. Ел арқылы транзит көлемі артады. Біздің азаматтарымыз заманауи және сапалы автомагистральдармен жүріп, кез келген өңірге қауіпсіз және тез жететін болады. Әлеуметтік инфрақұрылым жақсарайды, жаңа және заманауи мектептер мен ауруханалар жоғары сапалы қызметтер көрсетеді...»,—деп Елбасы Жолдауда нақты айтты. Олай болса, денсаулық сақтау саласы да өсіп-өркендейді деп сенеміз. Қазірдің өзінде елімізде, соның ішінде біздің өңірімізде де санавиация қызметі



Ләйлә ҚҰЛТАЕВА,
«Ана мен бала орталығының» бас дәрігері.

қауіпсіздік, баспана, ал бейбітшілікті әке мен ананың қуанышы, ата-аналар денсаулығы және балалардың бақытымен байланыстырған Нұрсұлтан Әбішұлы осы орайда еліміздегі жетім, тасталды балаларды отбасыларына тартуды, сол арқылы, патронаттық тәрбиеге көңіл бөледі алға тартты. Жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруді тапсырды. Бұл Жолдауды бақытқа анапар бағдар деп білемін.

Ләйлә ҚҰЛТАЕВА,
«Ана мен бала орталығының» бас дәрігері.

САПАЛЫ БІЛІМ ЖОЛЫНДА

Елбасының халыққа арнаған “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдауында бүгінгі жас ұрпақ, ертеңгі ел үмітінің денсаулығы, оларға берілетін білімнің сапасы, Отанға, туған жерге, елге адалдық тұрғысындағы тәрбиесі жайында жан-жақты айтылған. Содан да болар облыстың білім беру ұйымдарында балалардың тәрбиесіне деген оң көзқарас қалыптасып, жақсы жұмыстар атқарылып келеді. Ең бастысы, билығы оқу жылында аймақта үш ауысымда оқитын мектептер жок. Облыс көлеміндегі апараты мектептер саны уақыт өткен сайын азайып, оның орнын кең де жарық, жаңа заман талабына сай салынған білім ошақтары басты. Аймақтағы апатты мектептер саны 25 болса, оны 2016 жылға дейін толық шешу жоспарға енді. Сол жоспарға сай соңғы жылдары облыс көлемінде жаңа білім орддарын салу мен күрделі жөндеу жұмыстарына республикалық және жергілікті бюджеттерден қоматқы қаралып, нақты жұмыстар іске асырылды. Мәселен, биыл республикалық бюджет есебінен 12, жергілікті бюджет есебінен 18 мектеп құрылысы жүргізіліп, 49 мектепке күрделі жөндеу жасалды.

уақытта қала сыртындағы лагерьлер мен тынығу орындарының жыл бойы жұмыс істеуіне мүмкіндіктер қарастыру көзделуде. Сонымен қатар “Облыстық білім берудегі ақпараттық-қатынастық технологиялар ресурстық орталығы” аймақ әкімінің арнайы қаулысымен “Облыстық білім басқармасының “Дарын” ғылыми-практикалық орталығы” болып қайта құрылды. Мұның барлығы жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру ісін тиянақты жүргізуге мүмкіндік жасайды.

Оқушыларға жасалған жақсы жағдайдан, болмаса ұстаздар қауымының біліктілігінен болар облыс оқушыларынан құрылған команда өткен жылы “Ең үздік олимпиадалық команда-2013” сайысында үшінші орынға көтеріліп, “Олимпиада” қозғалысына адалдығы үшін”, “Үздік ғылыми жарыс командасы-2013” номинациялары бойынша жүлделі ІІІ орындарды иеленген болатын-ды. Ал билығы өткен республикалық пәндік олимпиада мен ғылыми жарыстар қорытындысында облыстық команда “Ең үздік команда-2014” номинациясын иеленді. Демек, бұл аймақта оқушылардың сапалы білім алуына, мұғалімдердің білімін жетілдіруге

да 29 жасқа толмаған балалар үйінің түлектері мен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 17 жасқа тұрғын үй кілті тапсырылды. Жағдай мұнымен шектелмеді. Биыл аймаққа қажетті мамандықтар бойынша аз қамтамасыз етілген отбасылар есебінен 365 мектеп бітіруші облыс әкімінің грант иегері атанды. Оның және тамактану ақысына бір жылға 95214 тенге қарастырылған. Өткен жылы бөлінген 123 гранттың 76-сы он екі мамандық бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне берілген. Ал билығы 242 гранттың 140-ы осы университетке тиесілі болды. Олар бұл оқу орнында 18 мамандық бойынша білім алады. Жалпы Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да облыс әкімінің грантымен білім алып жатқан 216 студенттің 74-і техникалық, 83-і ауылшаруашылық, 28-і қызмет көрсету, 31-і өнер және шығармашылық мамандықтарын игеруде. Университеттегі облыс әкімінің грант иегерлерінің 9-ы ата-ана қамқорлығынсыз қалған жас, 80-і толық емес отбасынан шыққан, 90-ы әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы мүшесі болса, 32-нің ата-анасы жұмыссыз, 4-нің ата-анасы зейнеткер болып келеді. Қазіргі таңда Сыр бойының 117 түлегі алыс және жакын шет елдердің жоғары оқу орындарында білім алуға. Атап айтарлығы, аймақ басшысының грант иегерлері мен облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы арасында екіжақты жасалған келісім-шарт негізінде грант иегері оқу бітіргеннен кейін 5 жыл өңірде жұмыс жасайтын болады. 2013 жылы барлық мектеп бітірушілердің 29,7 пайызы жоғары оқу орындарына ақысыз оқуға қол жеткізсе, бұл бақытқа билығы түлектердің 37,2 пайызы ие болды. Оқудың инемен құдық қазғандай қиындыққа түсетінін, қазіргідей нарық заманында жоғары оқу орнында оқып, мамандық алудың одан да қиындап кеткенін ескерсек, облыс басшысының бұл жасап отырған қамқорлығы көңіл қуантады.

Іә, ел болашағы бүгінгі мектеп оқушысы мен арнаулы, жоғары оқу орындарының студенттері. Елдің ертеңгі өркеніетті елдер қатарындағы терезесі тең жарқын бейнесі осы жастар қолында. Сондықтан да бүгінгі орта мектеп пен арнаулы, жоғары оқу орындарындағы берілетін білім сапасының жақсаруы, оның өндіріспен ұштастырыла жүргізілуі аса қажет. Білім саласы мамандары осы міндет деңгейінен көрінуге күш салса, жақсы нәтиже берері анық.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.



ТАБЫСҚА ЖЕТУДІҢ ЖАҢА ФОРМУЛАСЫ



калған талаптары еш мағынасыз және өзінің салалары бойынша қауіпті деп ойлаймын. Тайтала-су жолы орасан зор сіпкініске және сан мыңдаған адам құрбанына өкеліп соғалы. Екіншісі – ұлттық мәселеге жалпы мән бермеу, сойтіп, бұл проблемалар өзінен-өзі шешіледі деп сену. Бұл да онтайлы жол емес. Біз үшін үшінші, ең сенімді жол қалып отыр. Біз көп еңбекті және тынымсыз жұмысты талап ететін осы жолмен келе жатырмыз. Бұл – түйісу нүктелерін, халықтар арасындағы келісім мен сенім аймақтарын кеңейту жолы. Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз» деп бейбіт өмір сүрудің басты бағдарын айқындап берген болатын. Расында бұл жолдың барымызды табысқа жеткізер әділетті жол болғанын кейінгі 20 жылдық тарихымыз дәлелдеп берді. Басқаша болғанда сонау патшалық Ресейдің отарлық шырмауына орталықтан тұста адай Көкше билің «Алашты қойып, алыңды деген есім болды. Қаратау қойып, Қарақұм деген жерім болды. Алысты қойып, ру-рудан қыз алып, қарындасым келін болды. Бұл не деген керім болды?» деп өрісінің тарылғанына өкінгеніндей, біздің де бармақ шайнап қалуымыз мүмкін еді. Қалай десек те, кез келген деңгейдегі

раптай отырып, ондай қажығыстарды қазақ жерінде болдырмаудың маңызы зор. Біз үшін үшінші, ең сенімді жол қалып отыр. Біз көп еңбекті және тынымсыз жұмысты талап ететін осы жолмен келе жатырмыз. Бұл – түйісу нүктелерін, халықтар арасындағы келісім мен сенім аймақтарын кеңейту жолы. Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз» деп бейбіт өмір сүрудің басты бағдарын айқындап берген болатын. Расында бұл жолдың барымызды табысқа жеткізер әділетті жол болғанын кейінгі 20 жылдық тарихымыз дәлелдеп берді. Басқаша болғанда сонау патшалық Ресейдің отарлық шырмауына орталықтан тұста адай Көкше билің «Алашты қойып, алыңды деген есім болды. Қаратау қойып, Қарақұм деген жерім болды. Алысты қойып, ру-рудан қыз алып, қарындасым келін болды. Бұл не деген керім болды?» деп өрісінің тарылғанына өкінгеніндей, біздің де бармақ шайнап қалуымыз мүмкін еді. Қалай десек те, кез келген деңгейдегі

раптай отырып, ондай қажығыстарды қазақ жерінде болдырмаудың маңызы зор. Біз үшін үшінші, ең сенімді жол қалып отыр. Біз көп еңбекті және тынымсыз жұмысты талап ететін осы жолмен келе жатырмыз. Бұл – түйісу нүктелерін, халықтар арасындағы келісім мен сенім аймақтарын кеңейту жолы. Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз» деп бейбіт өмір сүрудің басты бағдарын айқындап берген болатын. Расында бұл жолдың барымызды табысқа жеткізер әділетті жол болғанын кейінгі 20 жылдық тарихымыз дәлелдеп берді. Басқаша болғанда сонау патшалық Ресейдің отарлық шырмауына орталықтан тұста адай Көкше билің «Алашты қойып, алыңды деген есім болды. Қаратау қойып, Қарақұм деген жерім болды. Алысты қойып, ру-рудан қыз алып, қарындасым келін болды. Бұл не деген керім болды?» деп өрісінің тарылғанына өкінгеніндей, біздің де бармақ шайнап қалуымыз мүмкін еді. Қалай десек те, кез келген деңгейдегі

Нұрлыбек МЫНЖАС,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты.

СЫР СПОРТЫНА СЕРПІН БЕРГЕН



мен шетелге барғанда, екіншісі – жеңіс тұғырына көтерілген спортшының құрметіне» деген даналық сөзі бар. Осынау қамқорлыққа қазақ елінің сайыпқырандары өз кезегінде қоматқы қайтарым жасауда. Оған Лондон Олимпиадасындағы талайлармыздың табысы дәлел болса, билығы қоныр күзде Оңтүстік Кореяның Инчхон қаласында өткен Азияда ойындарында төртінші орынға табан тіреген қазақстандықтар алтын, күміс, қоласын қосқанда 84 медальді мойына іліп, ел мерейін бір көтеріп тастады.

Салауатты өмір салтын ұстану, спортпен айналысу бүгінгі күні облысымызда бұқаралық сипатқа ие болып келеді. Дене шынықтыру және спортпен шұғылданаудағы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде қызылордалықтар қол жеткізген көрсеткіштері бойынша республикада сегізінші орынды иеленуде. Облыс спортына аймақ басшылары айрықша назар аударуда. Соңғы жылдары облыс көлемінде 320 шағын спорт алаңдары пайдалануға берілді. Барлық аудан орталықтарындағы стадиондарға жасанды шөп төселіп, көрермен орындары қайта

қалпына келтірілді. Биыл облыс орталығында Илья Ильин атындағы спорт кешені, бокс орталығы, Сырдария ауданындағы Нағи Ильясов ауылында стадион, Жаңақорған және Әйтеке би кенттерінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталса, ұлттық спорт түрлерін дамыту мақсатында 3 мың орындық ипподром бой көтереді деп күтілуде.

Күні кеше қызылордалықтар ғана емес, барша қазақстандықтар тағы бір қуанышты сәттің куәсі болды. Бұған дейін қос мәрте Олимп шығын бағындырып, үш дүркін әлем чемпионы атанған жерлесіміз Илья Ильин Алатаудың баурайын дүбірге бөлеп, төртінші рет төрткүл әлемнің теңдестізі атанды. Алдағы уақытта да Сыр бойының абыройын асқақтатқан спортшы жастарымыз дүбірлі додаларда талай белестерді бағындырады деген сенімдемін.

Ишанбек ЖҰМАБАЕВ,
Жалғызтөс байауыр атындағы облыстық спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернати директоры, ләулодан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы.



Тағы бір айта кетерлігі, бұрын жазғы қаникул кезінде пайдаланылған лагерьлер, тынығу орындары жылдың басқа мерзімінде бос тұратын. Тоғыз ай қанырап тұрған балалар мекені жазға қарай қайта жөндеуден өткізілетін. Өрине, оған қыруар қаржы жұмсалатыны айқын. Биыл сол кемшілікті болдырмаудың жолдары қарастырылды. Мысалы, Жаңақорған ауданына орналасқан “Облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру” орталығы биыл жыл бойы жұмыс жүйесіне көпті. Облыс бойынша жалпы қосымша біліммен 64019 бала қамтылған, ол бүкіл оқушының тең жартысы десе болады. Бұл бір жағынан оқушыларды жыл бойы қосымша дайындауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан мұғалімдердің біліктілігін арттыруға септігін тигізеді. Билығы нәтиже жаман емес. Алдағы

жағдай жасалғанын айғақтайды. Билығы жылы 2035 мұғалім біліктілігін арттырды. Жыл соңына дейін 615 мұғалімнің біліктілігін арттыру көзделуде. Біздің қоғамда тағдыр тәлкегіне ұшырап, ағзасындағы ақаумен өмірге келген балалардың оқып, білім алуына, еңбек етіп, нан табуына мүмкіндік жасалған. Облыс бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қызмет көрсететін 17 арнаулы білім беру ұйымдары жұмыс істейді. Сондай-ақ 3 балабақшада, жалпы білім беретін 3 мектептегі арнайы топтарда 154 мүмкіндігі шектеулі бала білім алуға.

“Жетім көрсек, жебей жүр” деген халық даналығы қазір де өз мағынасын жойған жоқ. Мәселен, биыл өңірде “Жұмыспен қамту-2020” бағдарламасы аясын-



КӨПШІЛІКKE ҚУАНЫШ СЫЙЛАҒАН ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ

Еліміздің қос Парламентінде салмақты депутаттар қатары жеткілікті. Олар сайланбалы орган жұмысында белсенділік танытып қоймай, өздіктерінен көп жұмыс жасай алатындықтары ақиқат. Халық қалаушылары тек өз сайлаушылары үшін ғана емес, қала және облыс, қала берді мемлекеттік деңгейдегі мәселелерге де атсалысып келеді. Мұндай депутаттар біздің облыстық мәслихатта да баршылық. Солардың бірі – №21 Ғ.Мұратбаев сайлау округінен сайланған “ҚазГерМұнай” біріккен кәсіпорны” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Кәрім Медет Сапиұлы.

Оның облыстық мәслихат құрамында болғанына биыл екінші жыл. Алайда ол осы аз ғана уақыттың ішінде қызылордалықтар үшін көп нәрсе жасап үлгірді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін есепке жүгінер болсақ, жарты миллиард теңгеден астам қаржының халық игілігіне жұмсалыуна үлес қосыпты. Бұл орайда алдымен сұлу Сырдың бойына орын тепкен “Мұз айдыны” тілге оралады.

Бүгінде барша облыс тұрғындарының көз қуанышына айналған зауыл сарайда бұрын теледидардан көріп, тамашалайтын хоккей мен мәнерлен сырғанауды қазіргі таңда жүздеген өрендер үйренуде. Жасыратыны жоқ, бұл балғындар өз өмірлерін өздеріне бұрын-соңды

бөлек облыстық мәслихаттың шешімдерін қабылдауға тікелей атсалысу болып табылады. Өте қиын сұрақтар, әсіресе, сессияда облыс бюджетін қаржыландыру, сол бюджеттің өзін толықтыру мәселелері талқыланған кезде туындап жатады.

– Айналып келгенде, сессияның шешімдерін депутаттар әрдайым түсіністікпен, салқынқандылықпен қабылдайды, – дейді Медет Сапиұлы. – Мен айтар едім, мәслихаттағы әріптестерімнің бәрі де көргені көп, өмірден түйгені мол, жоғары білімді өз ісінің білгірлері. Олар өңірдің жедел қарқынмен өсіп-өркендеуіне аса ынталы. Жасыратыны жоқ, кейбір мәселелерде әр түрлі пікірлер туындайды. Бірақ келісімге келмеске шара жоқ.

Қазіргі таңда біздің облыс қиын дегенмен қызықты да ауқымды жобалар кезеңін бастан өткізуде. Алаңдартарлығы сол, Оңтүстік Торғай иініндегі кеніштерден көмір сутекті шикізат өндіру көлемі азайып келеді. Ал бұл сала аймақ кірісінің басым бөлігін құрайтыны белгілі. Екінші жағынан алсақ, облысты дамыту стратегиясы жасалып, басқа салада ірі өндіріс кластерлерін құру қолға алынбақшы. Ол металлургия және машина жасау өндірісі. Дегенмен, біздің өңір үшін жана сала қайтарыммен жұмыс жасап, жергілікті бюджеттің кіріс көзін толтырса деген үміт мол. “Қара алтын” өндіру де әлі ондаған жыл осы деңгейде болады деген болжам бар. Бұл өз кезегінде облыстың әлеуметтік және тұрғын үй құрылымдық жобаларын қаржыландыруды төмендетпей, керісінше басқа салаларды дамытуға да мүмкіндік беретін болады.

“Байқоңыр” инвестициялық форумдарының өткізілуі



тансық осынау спорт түрлеріңіз елестете алмайтын секілді.

Мүмкін емес десек те шындығы сол Қызылорда түнгі хоккей лигасы құрылды. Мұнда Байқоңыр қаласынан хоккейге қызығушылар жиі ат ізін салуы дағдыға айналды. Олар шеберліктерін шыңдап, жолдастық кездесулер өткізуде. Осыдан кейін бізге осындай спорт сарайы қажет екендігі ешқандай дау туғызбасы анық.

Қызылорда халқының арманына қол жеткізулеріне депутат Медет Кәрімнің еңбегі өлшеусіз десек, артық айтқандық емес. Оның тікелей белсенділігімен өзі басқарып отырған компания “Мұз айдыны” ғимаратының құрылысына қажетті 440 миллион теңге қаржы бөліп, “Игілік” корпоративтік қорына аударған.

– Бұл нысанның құрылысында жеке үлесім бар деп айта алмаймын. Мұны біздің “ҚазГерМұнай” біріккен кәсіпорны” ұжымының аймақ спорты мен дене шынықтыру саласын дамытуға қосқан үлесі деп қабылдаңыздар, – деген Медет Сапиұлы, – облыстық мәслихат депутаттығына өз кандидатурамды ұсынба бұрын ең алдымен ұжымдағы әріптестеріммен ақылдастым. Содан соң ғана олардың қолдауымен сайлауға түсуге тәуекел еттім. Сайлау алды бағдарламалы да тілектестеріммен кең көлемде талқыладық. Соның нәтижесі болар, менің барлық ұсыныстарыммен жасалған жобалар олардан үнемі қолдау тауып отырады. Бұған таңғаларлық негіз жоқ. Өйткені, компанияда жұмыс жасайтындардың басым бөлігі қызылордалықтар. Сондықтан аймақтың барлық елді мекендерінің талапқа сай көркеюіне олар да ықыласты деп ойлаймын, – дейді.

Облыстық мәслихаттың әрбір депутаты өз округінің сайлаушыларына ғана емес, бүкіл облысқа танымал болуы тиіс. Кей кезде оның қолұшын созатын қандай да бір маңызды қоғамдық шара туындауы мүмкін. Мәселен, “Мұз айдыны” сарайы сияқты ауқымды құрылыс нысаны.

Десек те, халық қалаушысының негізгі жұмысы біздің өміріміздің түйткілді мәселелерін жақсартудағы орны

облыстың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің көтерілуіне біршама тиімділік келтіреді деп күтілуде. Осы форумдарда қол қойылған меморандумдар лайықты жобаларға жол ашатын болады. Оған депутаттық корпус түтөлімен үн қосуда.

Облыс индустриясын дамытуға ойы өрісті жоғары білімді жас мамандар қажет екені айтпаса да белгілі. Бозбалалар мен бойжеткендер мектеп қабырғасында жүрген кезінен-ақ жақсы оқу әрқашан жақсы дивиденд келтіретініне сенімді.

– Біз “Алтын белгіге” ие болған 64 мектеп бітіруші түлектің лайықты сияпатқа ие болуы үшін 5 млн. теңгеден астам қаражат бөліп, – дейді облыстық мәслихат депутаты, – Озат оқушыларға ноутбукты сыйға тартып тұрып алаулаған жүздеріне сынай қарағанымда олардың қанағаттанғандық сезімде тұрғандарына риясыз сендім. Қаншама ойшыл көз, қаншама оптимизм. Мен болашақ ізбасарларымыздың қолын қысып тұрып, олардың ойшыл көздерінен бүгінгі тапшыныстарымыздың лайықты жалғастырушылары өсіп келе жатқандығын байқадым.

Өткен жылы №21 сайлау округі депутатының жәрдем беруімен басқа да маңызды әлеуметтік жобалар іске асырылды. Солардың бірі: Қызылорда әуежайының жолаушыларға арналған VIP-залы күрделі жөндеуден өткізілді. Біздің өңірге келуші ірі кәсіпкерлер қатары соңғы жылдары үздіксіз өсуде. Сондықтан оларды лайықты қарсы алып, өзіміздің әуе айлағынан құрметпен шығарып салуымыз керек. Депутат Медет Кәрімнің тікелей араласуымен компания бөлген 30 млн. теңге әуежайдың VIP-сервисін әлемдік нормаларға сәйкес келетіндей етіп жасауға мүмкіндік берді.

Өткен жыл “Қайсар” футбол клубы жанкүйерлерінің есінде қалған болуы керек. Жерлестеріміздің өз алаңындағы соңғы матчтарында ұтысқа жеңіл автокөліктер тігілді. Бұл игі істің бастамашысы да “ҚазГерМұнай” компаниясы болды. Олар алғашқы ұтысқа құны 1,5 млн. теңгенің жеңіл автокөлігін тікті.

Быттыр Қызылорда қаласының 195 жылдық мерейтойы тойланды. Онда қала күні мерекелерінің тарихында алғаш рет кең көлемде ретро-фестиваль өткізіліп, ол мындаған қызылордалықтардың есінде қалды. Мұндай мәдени шара тиянақты дайындықты және ауқымды қаражатты қажет ететіні белгілі. Сол фестивальді ұйымдастырушылар өз өтініштерімен келген кезде де депутат Медет Кәрім оларды қолдап, “Игілік” корпоративтік қоры арқылы ретро-фестивальға 22 млн. теңге бөлінді.

“Қара алтын” өндіру тәулік, тіпті жыл бойы жүргізілетін процесс. Сондықтан бірінші басшыда бос уақыт бола бермейді. Бірақ Медет Сапиұлы осындай қарбалас тірлік арасында өз сайлаушыларына уақыт бөліп, олардың талап-тілектерінің орындалуына ерекше көңіл бөледі. Ол өтініштер әр түрлі болады. Соған қарамастан қаншама адамға қуаныш сыйлап, мұқтаждықтарына жәрдемін берумен келеді.

Қызылорда қаласына Қазақ мемлекеттік циркінің труппасы келген кезде де өз сайлаушыларының өтініштері бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларының балаларына А.Тоқамағбетов атындағы Мәдениет үйінде өткен көрсетілімдерді көруге мүмкіндік жасалды. Сайлау округінің екі жүз балғындары циркті тамашалауға жарты млн. теңге қаржы бөлінді. Мұндай мәдени шаралар дәстүрге айналды. Соның дәлеліндей, көп ұзамай тағы алты жүз бүлдіршін қуыршақ театрының өнерін тамашалады. Н.Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрда болған бұл шара халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеу аясында ұйымдастырылды.

Мектеп бітіру кеші қайталанбас оқиға. Оған бітіруші талапкерлер сәнденіп барғанды қалайды. Бірақ оны кез келген ата-ананың қалтасы көтере бермейді. Сондықтан 21-ші сайлау округіндегі мектеп бітірушілердің қиналысын сезінген халық қалаушысы бұл мәселені де оңынан шешті. “Ақ жол” акциясы шеңберінде сәнді киімдер алуға екі млн. теңге бөлінді. Аталмыш округте орналасқан №233 орта мектептің быттыр қырықжылдық мерейтойы аталып өтті. Осыған орай ұстаздар қауымы өз мектептерінің тарихы туралы кітап шығаруға ұйғарымға келді. Бірақ олардың жартымсыз жалақысынан оны шығаруға қиындық туындады. Бұл мәселеде де депутат көмекке келді. Осы білім ордасының қабырғасында өткен сайлауда мандатқа ие болған Медет Сапиұлы 360 мың теңге бөліп, кітаптың таралуына атсалысты.

Өткен жыл депутат үшін таусылмайтын балалар ертенгіліктерімен аяқталды. Округтің бес жүз бүлдіршіні жанажылдық сыйлыққа ие болды. Бұл мақсатқа 250 мың теңге жұмсалды.

№21 Ғ.Мұратбаев атындағы сайлау округі орналасқан “Шұғыла” ықшам ауданында он жыл бұрын “Ақ-вапарк” салынған болатын. Ол ұзақ уақыт жұмыс істемесе де, ескірген нысан ауданның әрбір кетіріп тұрды. Облыс орталығының бұл бөлігіне көп жылдар бойы көңіл бөлінбей келді. Сайлаушылар тағы да халық қалаушысына өтінішпен шықты. Соның нәтижесінде мұнда субұрқақ салынып, жарықтандырылған шамдар мен спорттық снарядтар қойылды.

– Аталмыш парк пайдалануға берілгеннен кейін келіп көргенімде көңілім керемет күй кешті, – дейді баспа саласының ардагері Клара Цой. – Енді біздің мұнда әжелер спорт клубы бар. Осында өзіміз дене шынықтырумен айналыссақ, немерелеріміз ойынның қызығына беріледі. Осындай қуаныш сыйлаған депутаттымыз Медет Кәрімге алғыстан басқа айтарым жоқ.

Бұл жобаны жүзеге асыру үшін қомақты қаржы қажет болды. Оған екі траншпен жетісіп млн. теңге жеткілі.

Жалпы “қара алтынның” білгірі Медет Сапиұлының аймақ үшін пайдалы ісі мұнымен шектелмейді. Оған дәлел, “Ақшабұлақ” кеніші мен компанияның бас ғимаратын көргенде көз тоймайды. Жағалай желек, субұрқақтар.

Депутаттық мандатты иеленген округтегі №№187, 7, 235 және 233 орта мектептердің спорт алаңдары ескіріп, күрделі мәселенің ұзақ жылдар шешімі табылмай келген еді. Ол туралы сайлаушылар өз депутатына өтініш білдіріп, құрылыс тегершегі қолға алынды. Қазіргі таңда жоғарыдағы білім ошақтарының әрқайсысында жасанды төсеніш төселген заманауи спорт алаңдары көз тарттады. Осы жобаларға қырық млн. теңге жұмсалынды.

Депутат Медет Кәрімнің қатысуымен іске асырылған жобалардың барлығы балалар үшін жасалған. Қандай бір жағдай болмасын кішкентай қызылордалық өтініш білдірсе, ол болмайды деп айта алмайды. Халық қалаушысы №7 арнайы бейімдеу мектеп-интернаты педагогтарының өтінішіне құлақ асып, тәрбиеленушілер үшін шағын автобус алып берді. Оған 3,5 млн. теңге жұмсалған.

– Өрине, маған өтініш білдірушілер өте көп. Мүмкіндігінше соның бәрін қанағаттандырып келеді, – дейді облыстық мәслихат депутаты Медет Сапиұлы Кәрім сөз соңында.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.



Үстіміздегі жылғы қыркүйек айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің “Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы” қаулысына сәйкес ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті мен осы министрліктің балық шаруашылығы комитеті тарату жолымен қосылып ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті болып құрылды. Үкіметтің осы қаулысына сәйкес облыстағы бұрынғы екі инспекция да біріктіріліп, енді ол облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы болып қайта құрылды. Ауқымы кеңейтілген бұл инспекция қандай тірліктерді жүзеге асырады. Жалпы инспекцияның алдына қандай міндеттер қойылып отыр. Газет тілшісінің облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Ғалымжан Орақбаевпен жүргізген сұхбатында осындай мәселелер негізгі әңгіме өзегіне айналады.

– Ғалымжан Жәдігерұлы, жасаңдан құрылған аумақтық инспекция алдында қандай міндеттер тұр. Жалпы инспекция жануарлар дүниесін қорғауда қандай жұмыстарды атқарады.

– Инспекция Қазақстан Республикасының 2004 жылғы “Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы” заңы мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің биылғы жылғы қазан айында бекітілген ережесіне сәйкес жануарлар дүниесі ресурстарын күзетуге, қорғауға, молықтыруға және пайдалануға, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жай-күйі мен қызметіне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады. Облыс әкімінің шешімімен облыс көлемінде аңшылық пайдаланушыларға 30 аңшылық алқабы бекітіліп берілген. Олардың жалпы аумағы 6,6 млн. гектарды құрайды. Сонымен қатар облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына қарасты орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесіне 6,5 млн. гектар жердегі жануарларды қорғау және өсімін молайту міндеттелген.

Ал, киікті, жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жайылып бара жатқан түрлерін қорғау ҚР Ауыл шаруашылығы минитрлігі “Охотзоопром ОБ” республикалық қазиналық кәсіпорнына жүктелген. Бұл кәсіпорнының онтүстік аймақтық филиалының 18 инспекторы жеті “УАЗ” автокөлігімен киіктерді қорғау мақсатында 15 күндік ауысым әдісімен жұмыс атқарады.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы қаулысына сәйкес ғылыми мақсаттарға пайдаланудан басқа ел аумағында киіктерді, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға 2020 жылға дейін тыйым салынған. Киіктердің табиғи түрде көбейіп, олардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік бақылауды күшейтуге байланысты инспекция бірқатар кәсіпорындармен және мекемелермен біріккен іс-шаралар өткізіп келеді. Мұндай іс-шараны “Охотзоопром ОБ” кәсіпорны да

ұйымдастырып, ауыл тұрғындарымен 24 рет кездесу өткізген. Мұнан бөлек инспекциямен бірлесіп “Ел болып киіктерді сақтайық” атты акцияны жеті рет өткізді. Осындай жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2009 жылы киік саны 81 мың болса, оның 45200 бетпақдала популяциясын мекендейді, онда бұл көрсеткіш биыл 256700-ге жетіп, оның 216 мыңы бетпақдала популяциясын мекендейді.

Дегенмен, киікті аулауға арнайы тыйым салынғанына қарамастан оларды заңсыз аулау, браконьерлік фактілері азаймай келеді. Өткен жылы облыс көлемінде киіктерді заңсыз аулаудың 28 фактісі тіркелді. Соның ішінде 63 бас киік заңсыз

– *Соңғы кездері облыста емдік қасиеті жоғары қызыл мия өсімдігінің тамырларын заңсыз қазып алу жайы көп айтылып жүр. Осы тұрғыдан алғанда сіз не айтар едіңіз.*

– 2012 жылы инспекцияға қызыл мия өсімдігі тамырларын заңсыз алу, дайындау, қазудың бір дерегі, ал өткен жылы 13 дерегі тіркелді. Көрсетілген деректердің барлығы да мемлекеттік орман қоры жерінен тыс жерлерде орын алған. Ал, мемлекеттік орман қорынан тыс жерлерде дәрілік өсімдіктерге тыйым салынғаны жөнінде немесе орман билеттері бойынша жинау қолданыстағы заңнамамен реттелмеген. Сондықтан да мия тамырлары қазылған жерлердің

айында мерзімі өтіп кетсе де егін егуге деп жер берген. Сөйтіп, мия тамырын қазуға мүмкіндік жасап, олардың жерді жыртып, бүлдіріп жатқанына көз жұмбайлықпен қараған. Осы оқиғаға орай сұрау салғанда ауыл тұрғындары ауыл әкімі мия тамырын қазып алуға және оны сатуға келісім бергені белгілі болды. Әрине, бұл жайт, кімді де болса ойландырмай қоймайтыны анық.

Жалпы облыс аумағында қызыл мия тамырларын заңсыз жинау мен жер пайдаланушылардың белгіленген жер учаскелерінің нысаналы мақсатқа сәйкес пайдалану мәселелері зерттеліп, ұсыныс беру үшін және халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуге орай жү-

ОРМАН МЕН ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ нақты бақылауда болады

ауланып, шығын көлемі 4,7 млн. теңгеге жетті. Мұнан бөлек киік аңын жойып, 260 мүйіз алынған. Мүйізден келген шығын 45 млн. теңгені құрап отыр. Жалпы өткен жылы киіктерді заңсыз аулау фактісі бойынша 11 қылмыстық іс қозғалды. Үш қылмыстық іс тоқталып, екі қылмыстық іс сотқа жолданды. Ол бойынша соттың айыптау үкімі шықты. Ал алты қылмыстық іс соттан өтті.

Биылғы жылдың тоғыз айында заңсыз киік аулаудың 35 фактісі тіркелді. Соның әсерінен 103 бас киік заңсыз ауланып, қоршаған ортаға 30,5 млн. теңге залал келтірілді. Оның ішінде өндірілгені 10 млн. теңгені құрап отыр. Сонымен қатар киік аңын жойып, 184 дана киік мүйіздерін заңсыз алу жайы да анықталды. Осы тоғыз ай ішінде киіктерді заңсыз аулау фактісі бойынша 4 қылмыстық іс қозғалып үш қылмыстық іс тоқтамға алынып, біреуі сотқа жолданды. Осы бір іске соттың айыптау үкімі шықты. Негізгі аңшылық жасаған қаскөйлерді ұстаудың 29 жағдайы ішкі істер департаменті қызметкерлерінің қатысуымен ұйымдастырылды.

Бір айта кететін жайт, соңғы кезде соттарда қаралған үш қылмыстық істер бойынша мемлекетке келген шығын өндірілмей, талап арыздардың қараусыз қалдырылуы орын алды. Ал екі қылмыстық іс бойынша Жоғары сотқа шағым келтірілді. Сондай-ақ, осы жылы прокуратура қызметкерлерінің қатысуымен екі қылмыстық іс, яғни, киікті үйінде сойып, сақтаған жағдай анықталды. Ол бойынша мемлекетке келтірілген 3,2 млн. теңге шығынды өндіруге үкім шығарылды.

Негізгі қазіргі уақытта қаскөйлердің соңғыүлгідегітехникалармен,құралдармен жабдықталуы оларды заңсыз аңшылық жасау кезінде ұстап, нақты пайдаланылған дәлелдемес заттарды алу және қарау жүргізу барысында кемшіліктердің жіберілуі, сондай-ақ, заңсыз аңшылық жасап, алынған жануарларды жоюдың дәлелденбеуі, сот-сараптама барысындағы кемшіліктердің барлығы қаскөйлердің түрлі заңсыз әрекеттерге баруына әкеп соғуда.

Сонымен қатар киіктердің табиғи түрде көбейіп, емін-еркін өмір сүруіне жағдай жасау қыс айларында қиына соғып жүр. Өйткені қардың қалың жауып, мұздаққа айналуына және аязды ауа райының әсерінен киіктердің табиғи шөпті тауып жеуі қиындай түседі. Қыс айларында күннің суық болуы жануарлардың өлім-жітімге ұшырау қаупін туғызады.

меншік иелері анықталмауына байланысты мемлекетке келген залал өндірілмей отыр. Жинақталған іс құжаттарды зерделеп, заң бұзушылықтарды анықтаған ішкі істер органдары болғандықтан мемлекетке келтірілген залалды өндіру мақсатында іске қатысты кінәлі тұлғаны, мия тамыры қазылған жерді және заңсыз алынған қызыл мия тамырының кімге тиесілі екендігін анықтау үшін ол облыстық ішкі істер департаментіне қайта жолданды.

Ал, биылғы жылы инспекцияға 9 іс келіп түсті. Оның сегізі бойынша заңсыздықтар мемлекеттік орман қорынан тыс жерлерде болған. Ал біреуі Жаңақорған орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің орман қоры жерінде тіркелген. Айта кету керек, Жаңақорған орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі орман қоры жерінде мия тамырын заңсыз алу мен орман өртеріне жол берген. Сондай-ақ, үстіміздегі жылғы тамыз айында Шиелі ауданының азаматы Б.Кенжеев 3800 келі мия тамырын заңсыз дайындап, мемлекетке 2,1 млн. теңге зиян келтірген. Сондықтан да оған әкімшілік хаттама толтырылып, 5556 теңге айыппұл салынған. Осындай заң бұзушылыққа барған Сағдар Наджибуллах пен Жаңақорған кентінің тұрғыны Дәнерек Рахметовке де әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл салынып, олар өндірілген.

Бір таңғаларлығы, мия тамырын заңсыз қазу ісіне ауыл әкімдері де баруда. Атап айтқанда, осындай заң бұзушылық Шиелі ауданы Қоғалы ауылының әкімі Д.Нәсіпбеков Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік орман қоры жерінде мия тамырын қаздырып жатқандығы анықталды. Енді бұл жауапты қызметкердің тәртіптік жауапкершілігі қаралатын болады. Сондай-ақ, Шиелі ауданының Жуантөбе ауылының солтүстігінде орналасқан “Қазалықөл” деген жерде бір топ азаматтардың заңсыз мия тамырын қазып жатқандығы жөнінде хабарлама түсті. Оны тексерсе келгенде белгілі болғандай Жөлек ауылының әкімі Бегітмай Сатаев ұжымға тиесілі жерден ауыл тұрғындары Марат Жаханов пен Ерлан Әбиевке ішнде



не айтар едіңіз?

– Облыс бойынша мемлекеттік орман қоры 6,5 млн. гектарды құраса, оның ішінде орманмен көмкерілгені 3 миллион гектардан астам. Соның ішінде сексеуіл орманы 2,6 млн. гектар да, сүрек қоры 5,8 млн. текше метр. Соының ішінде пісіп-жетіліп, өсімін тоқтатқан ормандар 903436 гектар, ал, сүрек қоры 2903,1 млн. текше метрді құрайлы.

Қазіргі кезде облыстың Қызылқұм аумағындағы мемлекеттік орман қоры жерлерінде сексеуіл ормандары жас келіп, қурап жетілмеген жас ағаштарға ауру тарату қаупін туғызып отыр. Сондай-ақ, облыста сексеуілді ормандар шар тәрізді гаулица ауруымен ауыратындығы анықталды. Аталған ауру болған жағдайда ағаштың бұтақтары мен жапырақтарында шар тәрізді түйіндер пайда болып, ағаш бұтақтары мен жапырақтарының өсуіне кедергі келтіреді. Ол сонынан ағаштың қурап, өлуіне әкеп соқтырады. Орман қоры жерлерінде орманды патологиялық зерттеулер нәтижесінде 2011 жылы 13100 гектар, 2012 жылы 9600 га, 2013 жылы 5300 га, 2014 жылы 4 мың гектар жердің

ормандары ауруға шалдыққаны анықталды. Биылғы жылы ауру анықталған 350 гектар жер табиғи жолмен залалсыздандырылды. Реті келгенде айта кетейін, облыс орман шаруашылықтарының ауруды залалсыздандыруы мардымсыз болып отыр.

Жалпы ағаш кесу кезінде, табиғи жағдайда түскен бұтақтардан жиналған қоқымдар, жел, дауыл құлатқан, қар сындырған ағаштар да ауру таратудың бірден-бір көзі болып табылады. Бұндай ағаштарды жинап, орманды санитарлық тұрғыдан тазарту қажет.

– *Балық та байлық дейміз. Сол байлығымызды қорғаудың жайы қалай?*

– Рас айтасыз, балық баға жетпес

қоса алғандағы аралықта артемия жұмыртқаларын жинауға және дайындауға тыйым салынады. Сонымен қатар тыныштық аймағын құру мақсатында Сырдария өзені Кіші Арал теңізіне құятын жерінен Көкарал бөліп тұрған бөгетіне дейінгі онтүстік бағытта, Көкарал түбегіне дейінгі батыс бағытта, солтүстік және солтүстік шығыс бағыттарда бес шақырым, Сырдария өзенінің ағысымен жоғары бағытта бес шақырым учаскеде жыл бойы балық аулауға тыйым салынады.

– *Біздің естүімізіше, инспекция сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуді жүйелі түрде жүргізсін келеді екен. Сонда бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылууда?*

– Үстіміздегі жылдың ақпан айында “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2014 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы” және облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясының төрттіптік комиссиясының ҚР “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес”, “Мемлекеттік қызмет туралы” заңдарын және “Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексін” жүзеге асыру мақсатында 2014 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Сонымен қатар аумақтық инспекция “Нұр Отан” партиясымен “Табиғат қорғау заңнамасын бұзушылықпен және сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі бірлескен іс-шаралардың 2014 жылға арналған жоспарын” бекітті. Аталған жоспарға сәйкес инспекция қызметкерлері мен партия өкілдері бес рет бірлескен рейдтер ұйымдастырды. Осы рейдтің нәтижесінде



дамыту үшін балық шаруашылығы су айдындарын және учаскелерін пайдалану жөнінде шарт жасайды. Балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және учаскелерінде аулауды ұйымдастырады. Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтаса береді. Өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізеді. Жергілікті манызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізімін жасап, балық ресурстарын қорғау, өсімін молайту және пайдалануды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің сақталуын бақылайды.

Ал балықтың қорғалуы жайына келсек, онда балықтық уылдырық шашу және көбеюі кезеңінде Кіші Арал теңізінің су айлағында 1 мамырдан 10 маусым және облыс шегіндегі су айдындарында 20 сәуірден 10 маусымды қоса алғандағы аралықта болып аулауға тыйым салынады. Артемияның көбеюі кезеңінде Өзбекстанның мемлекеттік шекарасына дейін Қазақстан Республикасының аумағы шегінде Тұщыбас, Чернышева шығанақтарын қоса алғанда Үлкен Арал теңізінде 1 сәуірден 31 шілдені

“Айдарлы-Ботабай” тас жолының 19 шақырымында “ГАЗ3” автокөлігіне, көлік иесі Сырдария ауданы Айдарлы аулының тұрғыны Н.Сейдахметов 1,9 текше метр, тағы да осы ауылдың тұрғыны М.Әлмаханов “УАЗ3” автокөлігіне 0,5 текше метр сексеуіл тиіп алып келе жатқан жерінен ұсталды. Екі жағдайда да әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылды.

Жалпы “Нұр Отан” партиясының өкілдерінің қатысуымен инспекция қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде құқықтық оқу кенестері өткізіліп тұрады. Өз кезегінде инспекция қызметкерлері атқарып отырған жұмыстарын мейлінше ашық жариялылықпен жүргізуге дағдыланған. Сондай-ақ, жергілікті ақпарат құралдары арқылы мекеменің сенім телефоны жарияланып, халықтың өтініш, пікірлеріне мезгілінде жауап беру үрдіске айналған.

– Өңгімізге рахмет.

Сұхбаттасқан

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

ТОЛЕРАНТТЫҚ – ТАТУЛЫҚ НЕГІЗІ

Сенбі күні «Болашақ» университетінде қоғамдық келісім орталығының ұйымдастыруымен «Ұлтаралық толеранттық және қоғамдық келісім – «Мәңгілік Ел» идеясының негізі» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Модератор ретінде қоғамдық келісім орталығы басшысының орынбасары Асылбек Жұмабаев баяндама жасады.

Баяндамашы толеранттылық бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністіктен қарап, оларды қудаламауының белгісі екеніне тоқталып өтті. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз. Елімізде ұлтаралық татулықтың салтанат құруы – біз мемлекеттің негізін құрайтын қазақ халқының саяси мәдениетінің биік деңгейге көтерілгенінің белгісі. Біле бісек, толеранттылық – үлкен құндылық. Мұны тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардағы мыңызды жетістігіміз десек, артық айтқандық болмас еді. Жалпыұлттық идеямыз –Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даңғылын Нұрлы жолға айналдырған қазақстандықтар еліміздегі татулық пен тұрақтылықты жалпы халықтық жетістік санайды.

Тақырып аясында сөз сөйлеген Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстық секрратариятының меңгерушісі Ләйла Төрешова толеранттық және ұлтаралық татулық Қазақстанның баға жетпес байлығы деп атап өтті.

Конференцияда сондай-ақ Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті Дастан Сәтбай, осы университеттің «Жалпы педагогика» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы Шәрбан Майгелдиева, «Славяне» этномәдени бірлестігінің жетекшісі Галина Щербакова, «Болашақ» университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты, философия магистрі Ботағоз Паридинова, облыстық дін істері жөніндегі басқарма маманы, дінтану магистрі Бақтыяр Оспановтар баяндамалар жасап, толеранттық татулық негізі екендігіне жан-жақты баға берді.

Ы.ТӘЖІҮЛЫ,
М.ОТАРАЛЫ.

Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Ақтөбе облыстарының өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және байланыс кәсіпорындарының басшылары мен қызметкерлеріне ЕСКЕРТУ	ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ к руководителям и работникам предприятий промышленности, строительства, сельского хозяйства, транспорта и связи Южно-Казахстанской, Кызылординской и Актобинской областей
«Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Ақтөбе облыстарының аумағында километрлік бағаналармен және ескерту таңбаларымен белгіленген «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралды газ құбыры.	ТОО «Газопровод Бейнеу-Шымкент» предупреждает, что на территории Южно-Казахстанской, Кызылординской и Актобинской областей проложен и введен в эксплуатацию магистральный газопровод Бейнеу-Бозой-Шымкент».
ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ: Құбыр желілерін және байланыс желілерін күзету аймағында құбыр желілерін және байланыс желілерін қалыпты пайдалануын бұзуы мүмкін, немесе олардың зақымдалуына әкелуі мүмкін кез-келген түрдегі әрекеттерді жүргізуге. «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС-нің жазбаша рұқсатынсыз магистральдық құбыр желілерін және байланыс желілерін күзету аймақтарында: - кез-келген құрылыстарды салуға; - кез-келген түрдегі ағаштар мен бұталарды отырғызуға, жем-шөпті, тынайтықшытарды, материалдарды, пішінді және сабанды қоймалауға, атқазықтарды қағуға, мал ұстауға, мұзды жаруға және қатыруға, мал суарымын жасауға; - құбыр желілерінің, байланыс желілерінің трассалары арқылы өтпе жолдарды салуға, автомобильдік көліктің, тракторлардың және механизмдердің тұрағын ұйымдастыруға, бірлескен бактар мен бақшаларды егуге.	ЗАПРЕЩАЕТСЯ: В охранных зонах трубопроводов запрещается производить всякого рода действия, могущие нарушить нормальную эксплуатацию трубопроводов, либо привести к их повреждению. В охранных зонах магистральных трубопроводов без письменного разрешения ТОО «Газопровод Бейнеу-Шымкент» запрещается: - возводить любые постройки и сооружения; - высаживать деревья и кустарники всех видов, складировать корма, удобрения, материалы, сено и солому, располагать конювязи, содержать скот, производить колку и заготовку льда, устраивать водопои; - сооружать проезды и переезды через трассы трубопроводов, устраивать стоянки автомобильного транспорта, тракторов и механизмов, размещать коллективные сады и огороды.
Жоғарыда жазылғандарға қатысты барлық мәселелер жөнінде мынадай мекен-жайымызға хабарласу керек: «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан к-сі, 77, тел. +7 (727) 330-66-44, 330-66-00, факс: +7 (727) 330-66-45.	По всем вопросам, касающимся вышеизложенного, следует обращаться по адресу: ТОО «Газопровод Бейнеу-Шымкент», Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, ул. Абылай хана, 77, тел. +7 (727) 330-66-44, 330-66-00, факс: +7 (727) 330-66-45.

АЙМАҒЫМЫЗДЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Елбасының тікелей бастамасымен өмірге келген үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасына сәйкес атқарып жатқан ілкімді істер Сыр өңірінде де аз емес. Статистикаға жүгінсек, аймақтың экономикалық дамуында тың серпін бары бірден байқалады. Биыл осы бағдарлама аясында нақты қандай жұмыстар атқарылғаны индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы Мұрат ИМАНДОСОВТАН сұраған едік.

— Облысымыздағы Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының жүзеге асыру бағытында биыл қандай жұмыстар атқарылуда? Бағдарламада қандай жаңалықтар бар?

— Биылғы жаңалық, осы жылдың 9 қазаны күні «Жобаларды республикалық және өңірлік Индустрияландыру карталарына енгізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы №675 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы қағидаларға сәйкес өңірлік Индустрияландыру картасына жобалар төмендегі критерийлер арқылы іріктелетін болды. Біріншіден, құны 4,5 млрд. теңгеге дейінгі жобалар енді өңірлік кәсіпкерлер палатасымен келісе отырып, аймақтық Үйлестіру кеңесі шешімі негізінде жобалар енгізіледі. Екіншіден, Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес өңдеуші өнеркәсіп саласы жобаларына басымдылық берілетін болады. Бұған қоса, олар мемлекеттік қолдау шараларын талап ететін жобалар болуы тиіс.

Сонымен қатар, ендігі жерде құны 4,5 млрд. теңгеден жоғары тұратын жобалар республикалық Өнеркәсіпті дамыту жөніндегі комиссиясының шешімімен республикалық картаға енгізілетін болады. Осыған орай үстіміздегі жылдың қараша айындағы Индустрияландыру картасын өзектендіру жұмыстары нәтижесінде (облыс әкімінің 2014 жылғы 3 қарашадағы №31 шешімі) өңірлік Индустрияландыру картасына жалпы құны 4,8 млрд. теңге құрайтын 2 жоба енгізілді. Оның бірі — «Максима логистикс» ЖШС-ның керамикалық кірпіш шығару жобасы. Бұл жобаның құны — 300,0 млн. теңге. Жоба алдағы 2015 жылы іске қосылады деп кү-

тілуде. Керамикалық кірпіш зауыты іске қосылғанда 50 жаңа жұмыс орны ашылады.

Келесісі «Қызылорда шағын тоннажды мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-ның мұнай өңдеу зауытын кеңейту жобасы. Оның жалпы құны 4,5 млрд. теңгені құрайды. Жоба толық қуатына шыққанда жаңадан 386 жұмыс орны ашылады. Аталған жоба да келер жылы іске қосылады.

— Нақты кезеңдер республикалық, өңірлік картаға қанша жоба енді?

— Бүгінгі таңда Қазақстанның Индустрияландыру картасы аясында аймағымызда жалпы құны 189,8 млрд. теңге құрайтын 26 жоба іске асырылып жатыр. Жобаларды жүзеге асыру барысында, яғни құрылыс кезінде уақытша 3186 жұмыс орны ашылады. Ал, жобалар толық қуатына көшкен кезде барлығы 3054 жұмыс жаңа орны ашылмақшы. Оның ішінде Өңірлік картада құны 137,7 млрд теңге құрайтын 25 жоба бар.

Ал, республикалық картада құны 52,1 млрд. теңге құрайтын 1 жоба бар. Ол көптен айтылып келе жатқан Шыны зауыты. Қазір жобаның инвесторы анықталды. «Қызылорда қаласында қуаттылығы жылына 197 100 тонна табақша шыны шығару және өңдеу зауыты құрылысы» жобасы таяу уақытта басталады. Көпшілік көптен күткен өндіріс орны ашылған кезде онда барлығы 300 адам еңбек ететін болады.

Өңірлік Индустрияландыру картасына енгізілген 25 жобаның ішінде қазіргі таңда құны 78,5 млрд. теңгені құрайтын 15 жобасы іске асты. Жаңадан 824 жаңа жұмыс орны құрылды.

Осы жылдың қаңтар айында өңірлік Индустрияландыру картасы аясында Қызылорда қаласында «Хуа Ю Интернационал в Кызылорде» ЖШС-ның «Химиялық реагенттер өндірісінің көлемін ұлғайту жобасы» іске қосылғаны мәлім. Жоба құны — 500 млн. теңге. Жаңа өндірістің қуаттылығы — жылына екі мың тонна. Жобаның жұмыс жасап тұрған химиялық реагенттер өндірісін ұлғайтуға бағытталып отырғанын атап өткен жөн.

Компанияның мамандары өндіретін химиялық реагенттер мұнай құбырларының шіруін, яки коррозияға ұшырауы мен қақ тұруы процесін төмендетіп, оның пайдалану мерзімін ұзартады. «Хуа Ю Интернационал в Кызылорде» ЖШС-ның химия реагенттерін өндіретін облыстағы бірден-бір компания болып табылады. Қазір өндіріске химиялық реагенттерді автоматты түрде құю бойынша құрал-жабдықтар алынып, аталған кәсіпорын 6 түрлі химиялық реагенттер шығарып жатыр. Өнімді өткізуде де мәселе жоқ. Зауыт басшылығы химиялық реагенттерді сату бойынша «СНПС Айдан мұнай» және «ПетроКазахстан ҚұмкөлРесорсиз» секілді ірі компа-

ниялармен келісім-шарт жасады.

Жалпы, ағымдағы жылдың он айында аталған өндіріс орны 1536,8 тонна химиялық реагенттер өндіріп, зауыт жоспарлы қуаттылықты 118,2 пайызға орындап шықты.

— Жыл соңына дейін қандай өндіріс орындары ашылады?

— Аймағымызда жыл соңына дейін жалпы құны 3,8 млрд. теңге құрайтын 3 жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Бұл алдағы уақытта тағы 559 жаңа жұмыс орны ашылады деген сөз. Енді сол қолданысқа берілетін 3 өндіріс орнына тоқталайық. Біріншісі, «Жан Арай Жем» ЖШС «Құрама жем өндіру зауыты». Жоба құны — 375,9 млн. теңге. Зауыт қолданысқа берілгенде жаңадан 60 жұмыс орны ашылады. Ал, өндірістің қуаттылығы — тәулігіне 80 тонна. Бүгінгі таңда облысқа келген неміс мамандары зауыттың құрал-жабдықтың электр энергиясына қатысты жұмыстарын жүргізуде. Зауыт желтоқсан айында пайдалануға беріледі.

Мұнан өзге «Арал тұз» АҚ «Техникалық және ас тұзын өндіру» өндірісін жаңғырту жобасы да аяқталуға жақын. Зауыт осы қараша айының ішінде қолданысқа беріледі деп күтілуде. Жоба құны әу баста 1,5 млрд. теңгені құрады. Дегенмен, қажетті жұмыстарды атқару үшін қосымша 0,6 млрд. теңге қаржы жұмсалыуына орай, бүгінгі күні жобаға салынған жалпы инвестиция көлемі 2,1 млрд. теңге болып отыр.

Атап өту қажет, жаңа зауыт іске қосылғанға дейін кәсіпорын жылына 120 мың тонна тұз өңдеп шығарды. Оның ішінде жылына 80 мың тонна ас тұзы және 40 мың тонна техникалық тұз өндірген болса, енді қайта жаңғыртудан кейін өндіріс қуаттылығы 1,6 есеге (86%) ұлғайып, 200 мыңнан астам тоннаны құрап отыр. Оның ішінде 147 мың тонна ас тұзы және 66 мың тонна техникалық тұз.

Жоба бойынша 343 жаңа жұмыс орнын құру көзделген. Жалпы алғанда «Арал тұз» АҚ мен жаңа зауытта жұмыс жасайтын адамдарды қоса есептегенде барлығы 800 жуық жұмыс орны құрылған. Ең бастысы, оның 95 пайызы жергілікті тұрғындар.

Кәсіпорын тұз өндіруге арналған құрал-жабдық өндіруден дүние жүзі бойынша көшбасшы «Construcciones Mecanicas J.SER-RA, S.A.» атты испаниялық компанияның жаңа құрал-жабдықтары сатып алды.

Үшіншісі — «Бис групп» ЖШС-ның «Мия тамырын өңдеу зауытын ашу және мияны өсіру» жобасы. Бұл нысан да алдымыздағы желтоқсан айында іске қосылады. Негізі зауыт жоспар бойынша келесі жылы қолданысқа берілуі тиіс еді. Айта кетейік, жоба құны о баста 1,8 млрд. теңге болып белгіленген еді. Кейін ол 2,4 млрд. теңгеге ұлғайды. Қуаттылығы — 1000 тн. мия тамырының экстраты, 100 тн. гли-



цирзинат моноаммония. Зауыт іске қосылғанда 156 адам тұрақты жұмысы орнымен қамтылса, маусымдық жұмыстарға тағы 564 адам тартылады.

Қазіргі таңда жоба бойынша әкімшілік ғимарат, асхана, вахталық поселке, зауыт ғимараты, лаборатория құрылыстары аяқталған. Қазіргі күні көршілес Қытай мемлекетінен 35 контейнер құрал-жабдықтар келген. Өткен қазан айының басында 6 қытай маманы келіп, монтаждау жұмыстарын жүргізуде. Биылғы жыл облысымыз үшін тартымды жаңалықпен басталғанын білесіздер. Қаңтар айында қаламыздың Рисмаш шағын ауданында «Smart Rubber» ЖШС базасында ескі автокөлік дөңгелектерін қайта өңдеу арқылы резеңке ұнтақтары мен жерасты суғару түтіктерін шығаратын өндіріс орны ашылды. Бұл зауыт Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында ашылған инновациялық тартымды жоба болып табылады. Жобаның артықшылығы, біріншіден, ол инновациялық технология болса, екіншіден «Жасыл экономика» принциптерінің жүзеге асыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, бұл жобаның ел көлемінде баламасы жоқ. Негізіне, өндіріске 2,5 тонна шикізат (тозығы жетіп, көдеге аспай қалған автокөлік дөңгелектері) салып, 1,5 тонна өнім алынуда. Қазіргі таңда мұнда 40 адам еңбек етуде. Өндіріске жаңа технология Германия мемлекетінен әкелінген.

Сөзімнің соңында, алдағы 2015-2018 жылдары Индустрияландыру картасындағы құны 150,9 млрд. теңгені құрайтын құрылыс, мұнай өңдеу, машина құрастыру, металлургия және тағы да басқа салаларды қамтитын барлығы 8 инвестициялық жоба іске қосылатынын айта кетейін. Нәтижесінде жаңадан 1672 адамға жұмыс орны құрылады деп күтілуде.

— Өңаімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.



● ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫ

ТЕМІРЖОЛДЫҢ ТАРЛАНЫ

– Балам, “Әке көрген оқ жонады, шеше көрген тон пішеді” деген, менің жолымды қусаң, жаман болмасың, – деді Ердүйсенге әкесі. – Теміржол – күре тамыр ғой, осы салада еңбек еткенің жөн секілді.

Көп сөзге жоқ, обал-сауапқа қараңқырайтын, ескіше де оқуы бар, жаңа өмірден хабарлы кісі еді жарықтық Сағынтай көкесі. Кезінде машинистің көмекшісі ретінде өзі еңбек жолын бастаса, кейінгі 25 жыл бойы теміржолдағы әскерилендірілген күзет бөлімінде қызмет істеді.

Бұл 1971 жылдың күз айы еді. Жас жігіттің бойшаң, тұлғалылығы, әр іске зейінімен ден қоятындығы басшыларды да қызықтырды. Көп ұзамай тепловоз машинисінің көмекшісі болып жұмысқа кірісті. Оның алдында арнайы курстан өтіп келді.

Адам уақыттың қалай өткенін де байқамай қалады. “Аяқталған ай тұраған ет секілді” дегендей, көмекші машинист болып жүргенде арада жеті жыл өте шығыпты. Айтпақшы, Германияда екі жыл әскери борышын өтеп келді. 1978 жылы Ердүйсен Ахметов Қазалы қаласында тепловоз машинисін дайындайтын курста білімін шың

дап, білігін молайта түсті. Содан арқыраған алып машинамен Қазақстанның біраз жерін шарлады-ау. Шаршадым демеді, өз ауысымы келгенде түн бе, күн бе деп санаспай, талмай жортты. Жұмысы тыңғылықты болған соң, абыройы да асқақтап, табысы да жаман болған жоқ. Ең бастысы – реттілікке, тәртіпке әбден бойұсынды, басқалардан да осыны талап ететін құнттылығы әріптестері арасында жоғары бағаланды. Осы бедел, біліктілік ұжым басшыларының берік сенімін оятып, оны 1980 жылы депо кезекшілігі қызметіне жоғарылатты. Содан бері Е.Ахметов Шиелі станциясындағы №6 айналым жоғары депо-сында аталмыш қызметін атқарып келеді. Содан бері 34 жыл өтті. Бұл жігіттің есею, толысу жылдары ғой.

– Дөңаға келген тепловоз уақытылы техникалық жабдықтауы тиіс. Берілген уақыт аралығында бұл шаруалар тыңғылықты да, тиянақты орындалады. Ол үшін әрбір қызметкер, слесарьдің жауапкершілігі мықты болуы тиіс. Бұл жерде кейінге қалдырылатын бірде-бір жұмыс болмайды, – дейді ол бізбен әңгімесінде.

Теміржол бойы өзіндік өмірлік

үрдіс пен реттілікке құрылған. Оның жартылай әскериленгендігі де осы талапқа саяды. Теміржол бойындағы үлкен көлемдегі жұқтасымалы, жолаушылар қатынасы бәрі де экономиканың нығаюына қызмет жасар еді. Сондықтан Ердүйсен секілді жауапты қызметте жүрген азаматтарға артылар жүктің салмағы аз емес. Қарапайым ғана мына мысалға назар аударалықшы. Бір тепловоздың өзіне бір ауысымда 6800-ден 7300 литр жанармай құйылады. Сол секілді 800 литр суды және құю керек. Басқа ақаулықтарды тез ретке келтіру үшін 8 адамнан құралған бригадаға 1 сағат 12 минут уақыт беріледі. Осы мерзімде тапсырылған жұмысты сапалы етіп атқарып шығуға тиіс-сің. Мұны өзге де жауапты қызметкерлермен бірге депо кезекшісі бақылайды және талап етеді. Бір ауысымда осындай 20-30 тепловозға техникалық қызмет жасауға тура келеді. Өзімен бірге жұмыс істейтін машинистер – Алмас Сүлейменов, Өмірхан Маханбетов, Бауыржан Ержанов пен шебер Кемал Мырзахметовтер де аға толқыннан үйренген, тыңғылықты жігіттер.

Адамның өз ортасындағы дұрыс



қарым-қатынасы, оның өмір сүру құштарлығын арттырып, абыройын көтереді. Осы орайда оның отбасындағы жайлылықты айтқан жөн болар. Өмірлік қосағы – Мейрамқұл екеуі түтін түтеткелі де көп жылдар өтті ғой. Тату-тәтті тіршілік етіп келеді. Ұлы Әбілжан мен қызы Ақнұр жоғары білімді мамандар. Ал бала кезден бергі достары Асқар, Ғани, Қабілештермен жиі жолығысып, қуаныш-реніштерін бөлісіп отырады. Тіпектес кісінің көп болуы да адамның мерейін өсіріп отыратын жағдайлардың бірі болса керек.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі станциясы.

ӨНЕГЕСІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ ЕДІ

Атам қазақ: “Адам бір көшкен керуен” деп бекер айтпаса керек. Өмір деген осы. Шүкір ғой, 90 жастың төріне шығып, бала-шаға, немерешөберенің қызығына кенелген Бименде ағамызды қимасақ та, мәңгілік сапарға шығарып салдық.

Биекенің бітім-болмысы, жаратылысы өзгелерден мүлдем бөлек болатын. Содан да оның есімі Сыр аймағы ғана емес, қазақ еліне танымал еді.

Бименде ағамыздың өмір жолына көз салсаңыз, өз қарабасы, болмаса әулеті үшін ғана емес, елі үшін емірене еңбек еткеніне көз жеткізесіз. Қараңыз, 1942 жылы, яғни, бар-жоғы 19 жасында әскер қатарына шақырылған ол 7 жыл бойы Отаны үшін кеудесін оққа төсеумен жүрген. Биекең туралы сарғайған тарих парақтарындағы жазбаларға үңілер болсақ, оқ пен оттың ортасында жүріп, Жеңістің жақындауына орасан зор үлес қосқан. Сұрапыл соғыс жылдары Кавказды неміс басқыншыларынан азат етуге атсалысқан Биекең 1945 жылдан 1949 жылға дейін Германияның Гердаун стансасында шекара күзетіп, туған топырағына аман-есен оралады.

Еңбек жолын қарапайым есепшіден бастаған Бименде ағамыз бертін келе күрмеуі қиын қаржы саласының басшылығында болады. Осы салада 40 жылға жуық еңбек еткен ол 26 жыл бойы облыстық қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары болуы тектен-тек болмаса керек. Білікті де білімді экономист, іскер басшы ретінде облыс экономикасының өсіп, өркен жаюына өзінің қолтаңбасын қалдырған қайталанбас қаржыгер еді. Аймақтың қаржы саласының қаншама кадрларын тәрбиелеп, олар ұстаз жолына лайық қызмет етті. Кәсібіне берілген адам, өнегелі өмір иесі еді. Ағамыздың ел-халық алдындағы еңбегі де ескерусіз қалған жоқ. Ол “Құрмет белгісі” ордені, ондаған еңбек және мерекелік медальдармен марапатталған.

Бименде ағамыз абыройлы ел ақсақалы, абыз ағамыз болды. Яғни, өзінің көргендері мен көңілге түйгендерін ұрпақтарына ұлағат жасаудан өсте кенде қалған емес. Ел жаңалығына құлақ түріп, ақыл-кеңесін айтудан жалықпаушы еді.

Шүкір ғой, Бименде ағамыз бен Айқын ағамыздың шаңырағынан өмірге бес ұл мен қыз келіп, әкелері мен аналарының ақ жолдарынан айнымай жүріп келеді. Ең бастысы, Биекенің тәрбиесінен тәлім алған балаларының есімдері Сыр елі ғана емес, елімізге танымал.

Сөз соңында сыйлас та сырлас, тұз-дәмдес болған Биекенің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деймін. Асқар таудай азамат есімі жадымызда ұзақ уақыт сақталады.

Қаһарман ТАБЫНБАЕВ,
еңбек ардагері.

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫМДА ЖАҢА БАСШЫ

Үстіміздегі жылдың тамыз айында ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен Көдендік бақылау комитеті біріктірілді. Осы бірігуге сәйкес облыстағы тиісті салалық департаменттер облыс бойынша кірістер департаменті болып қайта құрылды. Облыстық кәсіпкерлер палатасында болған жиында осы жаңа құрылымның басшысы көпшілікке таныстырылды.

Жиынды ашқан “Нұр Отан” партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әлмесхан Болатбеков жақында ғана Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдауын жариялағанына тоқталды. Жолдауда Мемлекет басшысы ел дамуының жеті басым бағытын айқындап берді. Соның ішінде Елбасы әлемді жайлаған дағдарысқа тойтарыс беру мақсатында және ел экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан миллиардтардан қаржы бөлді. Бұл қаржы қатаң бақылауда болып, осы іске “Нұр Отан” партиясы белсене араласып, бақылау орнатуы тиіс екені де айтылды. Осы орайда жаңадан құрылған облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің атқарар қызмет ауқымы кең. Департамент басшысының міндетін атқарушы болып Қалдарбеков Мұса Оспанұлы тағайындалды. Ол салық саласында ұзақ жылдар жұмыс істеген тәжірибелі маман.

Мұнан кейін сөз алған департаменттің жаңа басшысы М.Қалдарбеков мемлекеттік бюджет түсімінің толық және ашық болуын қамтамасыз етудің жайына тоқталды. Соның ішінде бұл құрылымның басты мақсаты тауарлардың ел шекарасынан кіруінен бастап тұтынушысына жетуіне дейінгі аралықтағы барлық қозғалысына бақылауды қүшейту арқылы әкімшілендіруді жетілдіру, көлеңкелі экономиканы азайту болып табылады. Сөйтіп, бюджет кірісін молайту көзделген. Осы орайда сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар мен салық төлеушілердің бірінғай ақпараттық дерек қоры қолжетімді болады. Ең бастысы, қадағалау мен бақылау біріздендірілген соң мемлекеттің кірісі молаяды, салықтан жалтару мүмкіндігі азаяды.

Қазіргі дамыған және бәсекеге қабілетті болуға ұмтылған Қазақстан үшін салық мәдениетін көтеру өте маңызды. Егер тоқсаныншы жылдар басында бұл көрсеткіш 15-20 пайыз деңгейінде болса, қазір 90 пайызға жеткен. Салық төлеушінің құқықтық сауаттылығын көтеру және бақылау органдарына сенімін арттыру мемлекеттік кірістер органдарының басым стратегиясының бірі.

Кездесуде департамент басшысының кеден ісі жөніндегі мәселелерге және экономикалық қылмыстармен күрес бағытына жетекшілік жасайтын орынбасарлары да таныстырылды.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

Жарамсыз деп есептелсін

Алтынбаева Патима Нуркадиловнаның атына Қызылорда қаласы, Белкөл кенті, Путьейская көшесі 11 Б үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актілері (1 кадастрлық №10-156-038-084, №0100247, 2.кадастрлық №10-156-038-755, №0142770) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қатыш Назым Серғалиқызының атына Қазалы ауданы, Ү.Түктібаев ауылындағы №88 Б.Әбдіразақов атындағы орта мектепті 20.06.2011 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0148353 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Байке Мұрат Баймұханұлының атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі 28 үй, 9 пәтерге берілген пәтерді (үйді) жекешелендіру келісім-шарты (№9244 17.09.1993ж.) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫ БАҚЫЛАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Қызылорда облысы бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің 2014 жылғы 20 наурыздағы №12-11-7/2658 хатына және 2014 жылғы 26 наурыздағы қаулысына сәйкес «Қызылорда қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты мектеп қызметкерлеріне есептелген және аударылған жалақыларының дұрыстығына жүргізілген бақылау арқылы 27488,1 мың теңге сомасындағы қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Бақылау барысында мектеп қызметкерлеріне еңбекақыға, өтемақыға және еңбекке жарамсыздық парағы бойынша төленген төлемдерді әрбір қызметкер бойынша толық салыстыру барысында ҚР Үкіметінің 29.12.2007 жылғы №1400 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысының талаптары басшылыққа алынбай 2013 жылдың қараша желтоқсан айларында 20 мектеп бойынша (№6, №11, №138-179-Қазрис, №189-145-интернат, №136, №7, №23, №144, №171, №172, №176, №215-218, №222, №267, №268, №4, №9,

№257, №112, № 261) еңбекақыға 19701,1 мың теңге және 6 мектеп бойынша (№144, №172, №215, №222, №268, №4) біліктілік санаты бар, білімін жетілдіру курсына оқып келген мұғалімдерге 1429,5 мың теңге еңбекақы негізсіз артық аударылып, төленген.

Қазақстан Республикасының 15.05.2007 жылғы №251 Еңбек кодексінің, ҚР Үкіметінің 27.09.2007 жылғы №850 «Азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» қаулысының және Қазақстан Республикасының 30.06.1992 жылғы «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» № 1468-ХІІ Заңының талаптары сақталмай, 8 мектеп бойынша (№11, №189-145-интернат, №136, №171, №172, №222, №267, №257) өтемақыға 3263,8 мың теңге артық аудару арқылы негізсіз төленсе, ҚР Үкіметінің 28.12.2007 жылғы №1339 «Әлеуметтік жәрдемақы тағайындау және төлеу, сондай-ақ оның мөлшерін айқындау ережесін бекіту туралы» қаулысының талаптары сақталмай, 9 мектеп бойынша (№6, №11, №189-145-интернат, №136, №23, №144, №215-218, №222, №268) еңбекке жарамсыздық парағы бойынша жәрдемақыға 3093,7 мың теңге, барлығы 27488,1 мың теңге артық аудару арқылы негізсіз төленген.

Сонымен қатар бөлімге қарасты бақылаумен қамтылған 34 мектеп бойынша 2014 жылдың 1

қаңтарына 296,7 мың теңгенің дебиторлық және 34,3 мың теңгенің кредиторлық қарыздары құралса, бақылау барысында 34 мектеп бойынша 19701,1 мың теңгенің дебиторлық және 567,2 мың теңгенің кредиторлық қарыздары құралған және бұл қарыздар «Қызылорда қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жоғарғы құзырлы орындарға тапсырылған бухгалтерлік есептері мен баланстарында 2014 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық және кредиторлық берешек шот есебі бойынша көрсетілмеген.

27488,1 мың теңге бюджетке өтелуге тиіс болса, қабылданған шаралармен 27488,1 мың теңге кінәлі тұлғалардан өндіріліп, жергілікті бюджетке аударыларын және кінәлі лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі қаралып, қалалық білім бөлімі басшысының 2014 жылғы 20 мамырдағы №79 санды бұйрығымен 11 қызметкерге «қатан сөгіс» берілген.

Процессуалдық шешім бақылау үшін бақылау материалы Қызылорда облысы бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментіне берілді.

Қаржылық жолсыздықтар мен кемшіліктерді болдырмау мақсатында инспекцияда бекітілген шаралар бойынша бақылау жұмыстары жалғаса береді.

І.ӨМІРЗАҚ,
№ 4 бақылау бөлімінің басшысы.

ДІНИ БІРЛЕСТІК ЖЕТЕКШІЛЕРІ АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ



Сенбі күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев атындағы саябақта “Руханият және дәстүр” айлығы аясында “Рухани келісім – бейбітшілік пен тұрақтылық кепілі” атауымен ағаш отырғызу рәсімі болып өтті. Облыстық дін істері басқармасының қолдауымен өткізілген шараға аймақтағы діни бірлестік жетекшілері қатысты.

Ағаш отырғызуға 130-дан астам көшет дайындалып діни бірлестік жетекшілері, мешіт имамдары, мешіт жамағаттары, зиялы қауым өкілдері барлығы 60 адам атсалысты.

Елбасымыз айтқандай: «Үдеудің бірі бірлікте, жүдеудің бірі алауыздықта» дегендей, барша жиналған қала тұрғындары бірлікпен ұйымшылдық танытты. “Атаңнан мал қалғанша – тал қалсын” ұранын ұстанушы еріктілер аталған шарада белсенділік көрсетті.

Дүниетанымымызға тән тарихымыздан тағылым алған салт-дәстүрімізді жаңғырту және дін саясатының тұрақтылығын сақтай отырып, түрлі діни бірлестіктер өкілдерінің мемлекетіміздің өркендеу жолында ымыра мен ынтымақта болуы аталмыш шараның басты мақсаты саналады.

ӨНЕРЛІ ӨҢІРДІҢ ӨРКЕНІ

Кеше Қызылорда қаласындағы Н.Бексезанов атындағы драма театрында Қармақшы ауданының өнері мен мәдениет күндеріне арналған “Қасиетті Қармақшы” атты мерекелік концерт өтті. Сыр өнерінде айшықты орынды еншілейтін өңірдің концертін тамашалауға облыс әкімі Қырымбек Кошербаев келді.

Күллі түркінің ортақ абызы – Қорқыт ата қобыз сарынымен сар даланы тербеген Қармақшы топырағы әрдайым қазақ баласы үшін қасиетті мекен саналады. Киелі аймақта тылсым күшімен елді таңғалдырған Ер Сейітпенбет, Қарақ, Қалқай, Марал баба, көсемдер көшімен асыл текті қанымен көптің шынайы ықыласына бөленген Алдашбай, Әліби, Ораз, Жарымбет секілді әулиелер мекен еткен. Адамзат баласы тарихында ғарыш әлеміне тұнғыш мәрте жол салған Байқоңыр да осы ауданның аумағына орын тепкен. Сондай-ақ, жыр дестелеген жүз жырауы бар Қармақшыда Кете Жүсіп, Дүр Оңғар, Шораяқтың Омары, Жіенбай секілді сүлейлер ел-жұрттың әрдайым мақтанышы саналады. Әйгілі “Шахнамаға” қазақша тіл бітірген Тұрмағанбет те осы киелі топырақтың перзенті.

Концерттік бағдарлама аудан өнерпаздары “Қорқыт баба” әнімен түріліп, жұртшылықтың жылы ықыласына бөленді. Одан кейінгі кезекте Бидас Рүстембеков, Болат Баймұратов, Айгерім Ешбаева, Балтабай Белебаев, Серік Жаксығұлов жыр-дан шашу шашса, “Ақмарал” бишілер тобы “Қазақ биін” тарту етті. Сондай-ақ, Ж.Даулетов “Киелі ел”, О.Өткелбаев пен М.Бағатов “Киелі мекен – Қармақшы” және өзге де әндер елдің назарына ұсынылды. Өнер кешін тамашалаған көпшілік оларға жоғары бағасын берді.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.



ӘДЕБИ КЕШ

БАЛА ЖАНЫНЫҢ БӘЙТЕРЕГІ

Бала – ел болашағы. Қазір бала тәрбиесіне көңіл бөлу, олардың болашағына үмітпен қарайтындай етіп тәрбиелеу ұстаздар қауымының басты парызына айналды. Сонымен қатар, олардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыта білу де ұстаздар назарынан тыс қалмақ емес. Балаларды жасынан көркем әдебиетті сүйіп оқуға тәрбиелей алсақ, оның жаман болмағаны.

Осындай басты мәселелерді назарға ала отырып, оқушыларды ақын-жазушылардың шығармаларымен таныстыру, балалардың көркем әдебиет оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында Төретам кентіндегі №80 мектеп-гимназиясында түрлі шаралар өткізіліп келеді. Мәселен, балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың 90 жасқа толуына орай ұлы тулғаның шығармашылығын кеңінен насихаттау барысында «Бала жанының бөйтерегі!» атты әдеби кеш өткізілді.

Тамаша шығармалары арқылы көптің көңілінен шығып, бірнеше буын өкілдерінен тұратын оқырмандардың құрметіне бөленген үлкен талант иесі бірнеше кітап авторы. Оқырмандары тарапынан құрмет пен өзінің биік бағасын ала білген балалар жазушыларының ішіндегі бірегейіне айналған тұлғаға арналған әдеби сазды кеш мектеп кітапханашысы Базарқұл Жарықасқина мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Күләй Алдажарованың ұйымдастыруымен 6-сынып оқушылары арасында өтті.

Төрт бөлімнен тұратын әдеби кеште жазушының өмірі мен шығармашылығы, оның еңбектерінің 20-ға жуық ел тіліне аударылғаны жайында әңгіме өрбіді. Оқушылар жазушының “Менің атым Қожа” кітабынан түрлі образдарды сомдап, көрермен ықыласына бөленді. Сонымен қатар жазушыға қазақ әдебиеті алыптарының берген бағасы сараланды. Әдеби кеш соңында өнер көрсеткен, шеберлік танытқан оқушылар марапатталды.

Г.РЕЙМБЕРГЕН.

ҚЫЗЫЛОРДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ АЭРОПОРТ КЫЗЫЛОРДЫ

Қызылордадан Дубайға дейін тікелей ұшулар БИЛЕТТЕРДІ ҚАЛАНЫҢ ТУРАГЕНТТІКТЕРІНЕН СҰРАҢЫЗДАР

Прямые вылеты из Кызылорды в Дубаи БИЛЕТІ СПРАШИВАЙТЕ В ТУРАГЕНТСТВАХ ГОРОДА



Қызылордадан Дубайға дейін тікелей ұшулар

Жуырда Қызылордадан әлемнің үлкен қалаларына тікелей ұшатын әуе рейстері ашылды.

Облыс үстінен көптеген әуе жолдары өтетінін ескеріп, қазан айында жаңа әуежай құрылысының қазығы қағылды. Қазір құрылыс жұмыстары басталып кетті. Қазан айындаҮкіметтің қаулысымен Қызылорда әуежайына халықаралық мәртебесі берілді. Қазірдің өзінде бірқатар әуе компанияларымен алдын ала келісімдер жасалды.

Бұған дейін қызылордалықтар шетелдерге Алматы, Астана арқылы қатынайтын болса, қазір өзіміздің Қорқыт Ата әуежайынан тікелей шетелге ұшуға мүмкіндік алып отыр.

Жуырда Қызылордадан Дубайға дейін тікелей рейстер жүргізіледі. Билеттерді қаланың турагенттіктерінен сұрауға болады.

ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ ОШАҒЫ

Ұрпақ тәрбиесі – болашақ тірегі. Көреген халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ: «Адамның бақыты – баладан» деген сөз бар. Ал, «Балалы – үй базар, баласыз үй – қу мазар» сөзінің түп төркінінде үлкен ойлы көзқарас, терең мағына жатыр. Өмірге сәби әкеліп, баланың шат-шадыман күлкісіне бөлену әрбір мақсаты биік адамның арманы емес пе? Пенденің артына тастап кетер ең асыл мұрасы, өмірінің жалғасы – ұрпағы. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз осыны меңзеп тұр. Олай болса, адам өмірінің мәні өз ұрпағының тәрбиесімен айқындалады.

Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен міндет тұрады. Ол – бала тәрбиесі. Осынау тірліктің алғашқы ұстазы ата-ана. Бала үшін ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Ақын Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде «Отбасы – шағын мемлекет, мен – президент, сен – премьер» дегені бар. Ендеше отбасын бір мемлекет деп тануға болады. Әр мемлекеттің қастерлеп, құрметтейтін рәміздері, сыртқы және ішкі саясаты, кіріс-шығыс бюджеті т.б. артықшылығы болатыны сияқты, әр отбасының тыныс-тіршілігі, өмір ырғағына ұқсайтын жақтары бар. Оның жаратылысы басшылық пен қосшылықты – керек етеді. Сондықтан ата-ана отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, жауға мүшелерін бір-біріне қатысты адалдыққа тәрбиелеп отырағын.

«Отан – отбасынан басталады» деген сөздің төркіні тереңде жатыр. Алтын ұя – отбасының тілеуін тілемейтін ата-ана жоқ. Сол жолдағы әр ата-ана өз отбасының іргесін берік бекіте отырып, кемелет жасау жеткен ұл-қыздарын үй болуға, жеке шаңырақ көтеруге дайындауды аса жауапты міндет деп санаған. Жас отаудың түгіні түзу шығып, берекесі жарасқан алтын ұяға айналдыруға күш сала білген. Жас шаңырақ иелері жұбайлардың ел құрметіне бөленіп, өздеріне үлгі-өнеге болуы – көргенді де, ибалы отбасынан

алған шұрайлы тәрбиесіне байланысты болған.

«Анасына қарап – қызын ал», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді дана халқымыз. Өткен өмір тәжірибесінің бір белестерінен алған ойлар еді, бұл сөздер. Әр бала көкірегінде адалдық пен мейірімділік, жауапкершілік пен кешірімділік отбасында орын алады. Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты да, өнегелі тұлға. Сондықтан әке де, шеше де отбасындағы балаларының жан дүниесіне үйіліп, мінез-құлықтарындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Әрбір отбасында алдымен әке, содан соң шеше жаңа мектебінің ұстаздары саналады. Әке мен шешенің баласына қоятын басты талабы – ұрпағының әдепті, көргенді, ойлы болып өсуі.

Тәрбие басы – әдептілік деп білген ата-ана алдымен балаларына өздерін сыйлауды, үлкенге құрмет, кішіге ізет танытуды, ешкімнің ар-намысына тиіспеуді үйреткен. Балаларының ер-азамат дәрежесіне көтеріліп, халқына адал қызмет етуін міндет деп санаған. Отбасының ұйытқысы, берекесі, жүрегі – ол әйел. Әйелдің беделді, абыройлы болуы, оған деген отағасының сыйлы көзқарасы жаңа ұрпақтың шырайы емес пе?!

Бала-шағасының алдында ата-ананың жанжалдасуы, үлкендердің аузына келгенін айтуы, біреуді жамандап, сырттан әңгімелеуі – бала үшін теріс тәрбие. Мысалы, арақ пен темекінің адамға тигізетін зиянын біле тұра, баланың көз алдында арақ ішуді, темекі тартуды, былайат сөздер айтуды қоймай келеміз. Бүгінгі өсіп келе жатқан ұл-қызмыз ертең-ақ ер жетіп, біздің орынмызға не болатынын ескеруіміз керек. «Ат тұғын тай басар» деген осы емес пе? Үй ішінде ерлі-зайыптылар баласының көзіне бір-біріне ауыр сөздер айтпақ түгілі, дауыс көтеруге болмайды. Анасы әрдайым балаларына әкемен ақылдақ, әкенің айтқанын орында деп үнемі өз ұлттық болмысымызда бар тәрбиелік сөздерді ай-

тып отырса, әке беделіне берер әсері мол.

Осы жерде ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” романындағы тәрбиелі көрініске бағдарлай қарайықшы. «... Семей қаласында үш жыл оқып, жайлаудағы әке үйіне күн кешікпе жеткен он үш жасар Абай аттан түскен бетте амандасу үшін шешеге қарай жүреді. Осы кезде байсалды да ақылды Ұлжан: «Ей, балам анда әкендер бар, алдымен әкене барып сәлем бер!» – дейді. Сол сәтте балалық сезім жеңіп, қателік жіберіп алғанын түсінген жас Абай кілт бұрылып, ортасында әкесі Құнанбай бар шеткерірек тұрған оқшау топқа қарай алдымдай жөнелді». Дана жазушы Мұхтар бұл көрініс арқылы халықтың жүрекке жылы осындай тамаша дәстүрінен хабардар ету үшін емес, оның тәрбиелік жағына баға беріп отыр.

Бала жана өсіп келе жатқан шыбық секілді. Жас шыбық қалай иісен, солай иілуге әзір. Осы орайда Шығыстың ғұламасы Сааиділін: «Жас өркенді түзету оңай, ал қураған ағашты отқа жағалды» деген сөзі ойға оралады. Ендеше баланың ойын жетілдіріп, бойын түзу өсіруге негізгі бағбаншысы – отбасындағы ата-ана тәрбиесі. Баланың бойына жақсы қасиет сіңіру, достарына дейін мән бере қарау, табиғат берген дарыны болса жетілдіру, дұрыс білім алуына жағдай жасау, тәлімді тәрбиені қалыптастыру секілді өрелі істер ата-анаға жүктелер міндет. Ұрпақ тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін еншірсе жоқ және сол нәрседен қателесуге қақымыз жоқ. Бала – әр жануарың бақыты. Оз қолымыздағы құнды бақытымызды бағалай білейік, ағайын!

Нағыман ӘЙТЕНОВ,
Сырдария ауданындағы № 37 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

БАСПАСӨЗ – 2015

«Экономика» газеті 2006 жылдың желтоқсан айынан бастап Қазақстандағы тұнғыш апталық экономикалық басылым ретінде қазақ және орыс тілінде жарық көріп келеді. Ол басқа да қажеттіліктермен бірге негізінен қазақ тілді оқырмандардың экономикалық сипаттағы ақпараттарға деген сұранысын қанағаттандыруға бағытталған.

«ЭКОНОМИКА» – салалық жалғыз басылым

«Экономика» газеті «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрамында дүниеге келді. Тіркеу құжаттарына сәйкес ол А3 пішіміндегі 16 беттік газет. Бірақ 2008 жылдың шілдесіне дейін газеттің 42 нөмірі 12 бетпен екі аптада бір рет жарық көрді. Тек шілде айынан бастап қана апта сайын толық көлемде шыға бастады. Ал 2009 жылдың 20 наурызынан А2 пішімінде 10 бет болып басылатын болды. Осы күнге дейін газет бетінде Үкімет мүшелері, облыс, аудан әкімдері, ірі кәсіпорындардың, оқу орындарының басшыларымен сұхбаттар, елімізді индустриалды-инновациялық дамыту мәселелеріне арналған көлемді мақалалар, отандық экономиканың дамуына өзіндік үлес қосқан азаматтар жайында көркем очерктер жарияланды. Келешекте көлемі бұдан да үлкеніе әбден мүмкін. Өйткені қазіргі нарықтық экономика жағдайында қоғамда жана кәсіпкерлік психология, экономикаға деген өзгеше көзқарас пен қызығушылық пайда болып келе жатыр.

«Экономика» газетінің негізгі мақсаты – еліміз аймағында болып жатқан

экономикалық жаңалықтарды қазақ тілінде қарапайым да ұғынықты тілмен жеткізу, отандық экономиканың сансаласы – ауыл шаруашылығы, құрылыс, өнеркәсіп, қаржы саласы, тұрғын үй және т.б. секторлардағы ұнамды өзгерістер мен түйткілді мәселелер жайында мамандардың, сарапшы ғалымдардың пікірлерін жалпы жұртшылыққа жеткізіп, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге, сол арқылы халықтың экономикалық ой-түсінігінің өсуіне қызмет ету. Осы мақсатта газет редакциясы жанынан құрамына белгілі экономист-ғалымдар, қаржыгерлер, заңгерлер кіретін ақылдастар алқасы ұйымдастырылды. Олардың қатарында Ләзизә Айтбаева, Ұзақбай Айтжанов, Мұхаммед Ахлиш, Серік Ақанов, Рахман Алшанов, Айтқали Нұрсейіт, Тілектес Есполов, Оразала Сәбден, Әбдісәит Тәтіғұлов сынды белгілі кәсіпкерлер, экономист ғалымдар бар.

Ақас ТАЖУТОВ,
«Экономика» газетінің бас редакторы.

ЗАМАН ЖӘНЕ ЗАҢ

ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАНДАР ҚҰТЫЛМАЙДЫ

Облыстық прокуратура уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың тәртіпсіздік пен құқық бұзушылыққа “мүлдем төзбеушілік” қағидасын қамтамасыз етуін қадағалауда бірқатар жұмыстар атқаруда. Бұл қағиданың мақсаты – азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық сана-сезімін жоғарылатып, кез келген ұсақ бұзушылықтарға жол бермеуін қамтамасыз ету.

Соттарда азаматтық істерді қарау барысында анықталған заң бұзушылықтар бойынша құзырлы органдарға тиісті прокурорлық ықпал ету актілері енгізіліп, заң бұзушылықтарды жою, оларды алдағы уақытта болдырмау мақсатында қадағалау жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді десек, быылғы жыл басынан бері уәкілетті органдарға заң бұзушылықтарды жою туралы 25 ұсыныс енгізіліпті. Облыстық прокуратура баспасөз қызметінің хабарлағандай, қаралу нәтижесімен он жеті тұлға тәртіптік жаза, оның ішінде біреуі сыйбалас жемқорлық сипатындағы тәртіптік жазаға, екеуі әкімшілік жазаға тартылыпты. Осы аралықта 1,4 млн. теңге мемлекетке келтірілген залал өндірілген.

Прокурорлық ықпал ету актілері негізінен ҚР “Мемлекеттік сатып алу туралы” заңының талаптарын бұзу деректері бойынша, яғни мемлекеттік сатып алу барысында тапсырыс берушілер тарапынан әлеуметтік өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа заңмен белгіленген мерзімнен кешіктіріп жүгінуді, шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамау деректері және тағы басқа мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарын бұзу деректері бойынша енгізілген. Мәселен, облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралған азаматтық іс бойынша талап қоюшы “Қызылорда қалалық мәдениет үйі, клубтары және халықтық ұжымдар бөлімі” мекемесі жауапкер “Байдуллаева С.” жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы және тұрақсыздық айыппұлын өндірту туралы сотқа келтірген талап арызын заңмен белгіленген мерзімнен екі айдан астам уақытқа кешіктіріп тапсырғаны анықталған.

Осыған орай облыстық прокуратураның орын алған заң бұзушылық бойынша талап қоюшы мекеменің басшысын ҚР әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 167-бабындағы 8-бөлігінде көзделген әкімшілік жауаптылығын қозғау мәселесін шешу үшін облыс бойынша қаржы бақылау инспекциясына заң бұзушылықты жою туралы енгізілген ұсынысы нәтижесінде аталған мекеме басшысына 55560 теңге әкімшілік айыппұл салынып, ол қаржы биылғы шілде айында мемлекет бюджетіне өндіріліпті.

Б.СМАЙЫЛҰЛЫ.

ХАЛЫҚТЫҚ
АКЦИОНЕР БОЛ!

www.halyk-ipo.kz

Халық IPO туралы толымды ақпарат

8 800 070 1570

Call-орталық - Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін

«Халық IPO» бағдарламасы бойынша «КЕГӨК» АҚ акцияларын сатып алу үшін өтінім 2014 жылдың 3-ші желтоқсанына дейін беруге болады. Толық ақпарат halyk-ipo.kz сайтында. Тегін қоңырау шалу Қазақстан бойынша 8-8000-70-15-70.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
телефакс 70-00-36

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары	70-00-43
Жауапты хатшы	70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
өлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-хисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиели, Жаңақорған: Нұрмұхан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-ғ, 27.08.2012 ж.

Ақпаратқа қаламыз татсырғысы болыпша тәлімді, қолғабыз еңбекте және қарғыламайды. Жариялылар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ"-өңірі қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына "Қазақпаша" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 21758
Тапсырыс № 1082

Электронды оқылым 26300.